Совокупность признаков, выражаемых эмпирическими прилагательными, взаимодействие между прилагательными отдельных группировок определяют своеобразие функциональных свойств этих прилагательных, особенности в составе средств выражения отдельных видов восприятия в художественном тексте. С этими вопросами связано и содержание данной статьи, в которой рассматриваются некоторые способы выражения физических ощущений человека, отдельные явления в семантике эмпирических прилагательных и особенности их функционирования в художественном тексте. В качестве источника использованы произведения А.П.Чехова, И.А.Бунина, из которых представлены прилагательные, обозначающие вкусовые, слуховые, осязательные и обонятельные ощущения. Основой для сопоставления семантических признаков прилагательных в тексте в общем литературном языке послужили словарные статьи СО и СОШ..

Исследованные тексты произведений А.П.Чехова, И.А.Бунина позволяют установить и особенности функционирования отдельных прилагательных, которые обусловлены их отношением к общей группировке эмпирических прилагательных. Текстовый материал, позволяет выявить набор прилагательных, которые использованы писателями в качестве лексических средств обозначения признаков, воспринимаемых органами чувств человека. Это касается прежде всего прилагательных, которые могут рассматриваться как опорные в каждой из группировок (горячий, сладкий, громкий, ароматный, легкий, теплый и т.д.)

Функциональные особенности этих прилагательных определяются тем, что они относятся в значительной части к многозначным словам. Как известно, основным определяющим источником информации о значении слова при его использовании в тексте является совокупность условий, в которых однозначно воспринимается лексическая единица, т.е. что обычно называют контекстом. Изменения в типовых связях, отраженные в контексте, свидетельствуют о возможных видоизменениях смысла, об оттенках общего значения слова.

Многозначное слово представляет собой объединение семантически связанных друг с другом и зависящих друг от друга значений. Полисеманты характеризуются особой связью между значениями, которая напоминает отношения между производящим и производным словом при словообразовании. «Полисемия- это не просто ряд исторически сложившихся в данной лексеме значений, как думает А.А.Потебня,- это прежде всего ряд объединенных актуальными деривационными связями значений».[2]

Известно, что значение, выделенное словарем, уточняется в тексте. Полное осмысление слова в переносном значении также возможно только в тексте. «Вторичная номинация настолько тесно связана с контекстными условиями употребления, что она практически полностью не может быть смоделирована и зафиксирована в словарных статьях». [3,96]

Сложность анализа функциональных свойств прилагательных в переносном значении определяется тем, что, входя в семантическую структуру слова,

переносное значение в своем исследовании составляет часть общей проблемы полисемии, поскольку признаки, определяющие его деривационный статус и отношение к другим значениям в границах слова, определены недостаточно четко.

Особенность структуры переносного значения объясняется его онтологическим своеобразием – признаком семантической двуплановости, в основе которой лежит общий смысловой элемент, удерживающий переносное значение в составе той или иной лексемы. Вопрос, связанный с природой этого семантического элемента, участвующего в преобразовании смысловой структуры слова, остается открытым. Одни ученые рассматривают его как эквивалент общего компонента значения, общей семы, содержащейся как в составе прямого, так и структуре соотносимого с ним переносного значения, видят причину соотношения семных структур исходного и метафорического значений не в наличии общего семантического элемента, как конструктивного, а в отражении «ассоциативных, или репрезентативных, признаков, т.е. признаков, так или иначе отражающих представления, связанные с обозначаемыми данными словами предметами и явлениями».

Анализ словарных толкований широкого круга многозначных прилагательных свидетельствует о том, «что переносное значение соотносится с несущественным компонентом прямого значения, не всегда эксплицированным в его толковании, тогда как прямые значения, находящиеся в отношениях производности, соотносятся по ядерным компонентам».[4.119]

Так, например, номинативно- производное значение прилагательного *темный*. «2. По цвету близкий к черному, не светлый // Более густой, более насыщенный по сравнению с основным тоном или обычным цветом чего-либо» соотносится с исходным по цветовой характеристике, которая составляет ядерный компонент в структуре обоих коррелирующих значений.

Целая группа переносных значений этого прилагательного («3. перен. Мрачный, безрадостный.4. перен. Несущий, причиняющий зло, вред, низкий, злобный, дурной.5. перен. Сомнительного свойства или репутации, непорядочный, неблагоприятный, подозрительный.») возникает на базе потенциальной семы оценочного характера «мрачный, безрадостный, дурной», образованной на основе ассоциативного представления о темном, как о чем-то неприятном, негативном, отрицательном. Эта сема не эксплицирована в основном значении (1. Лишенный света, освещения, со слабым, скудным светом),но именно она становится базой для образования переносных значений. Следующие переносные значения слова («6. перен. Неясный, непонятный // Неясно осознаваемый, неотчетливо проявляющийся (о чувствах, мыслях и т.п.):смутный // Устар. Безвестный, ничем не знаменитый или простой, незнатный. 7. перен. Невежественный, отсталый, некультурный») возникают на базе негативного ассоциативного представления о тьме, как о символе необразованности, культурной отсталости, невежества (см. «тьма-2. перен. Неведение, невежественность, культурная отсталость»).

Таким образом, в основе взаимодействия прямого и переносных значений анализируемого слова лежит имплицитный компонент (сема).

Рассмотрим реализацию семантической структуры многозначного прилагательного *темный* в произведениях И.А.Бунина.

В рассказах Бунина мы наблюдаем реализацию почти всех ЛСВ многозначного прилагательного *темный*. *СР: В темных пустых комнатах, через которые я прохожу, мутно сереют окна.(Деревня)*

В данной примере прилагательное использовано в прямом значении «лишенный света, освещения, со слабым, скудным светом».

В следующем отрывке актуализируется другой ЛСВ «по цвету близкий к черному, не светлый».

В обмерзлой кадушке тяжело плещается дымящаяся темная и вонючая вода, а полозя визжат как поросенок....Но вот и изба Митрофана. (Захар Воробьев)

Переносное значение прилагательного «невежественный, отсталый, некультурный» возникает на базе негативного ассоциативного представления о тьме как о символе необразованности, невежества, культурной отсталости.

См. «тьма 2. перен. Неведение, невежественный, культурная отсталость». Вспомним известное изречение: «Учени-свет, а неученье- тьма». Ср.: *Там чернеют затерянные среди лесов редкие поселки темного и унылого лесного народа. (Деревня)*

Характер семантической реализации прилагательных в переносном значении зависит от их синтаксических связей. Так, например, в сочетании с абстрактными существительными *грусть, тоска, смысл, мысли* возможна реализация двух переносных значений:

«мрачный», «безрадостный» и «неясный», «непонятный»:

И он тоже поднялся, и с извиняющийся даже как бы чуть виноватой улыбкой, с поднятыми бровями, глядя мне прямо в лицо своими маленькими глазами, в которых все была какая-то темная грусть, опять забрал мою руку в свою. (Лёгкое дыхание)

В данном примере мы наблюдаем переносное значение прилагательного *темный*, «неясно осознаваемый, неотчетливо проявляющийся». В данном контексте прилагательное сочетается с абстрактным существительным *грусть*.

Таким образом, прямые значения в границах слова соотносятся по ядерным семам, в то время как при переносе наблюдается перераспределение значимости компонентов смысловой структуры, когда компоненты, нерелевантные для мотивирующего значения, становятся базовыми для переносного. Анализ мотивационных связей многозначных прилагательных создает свои возможности для уточнения характеристики переносного значения в семантической структуре полисеманта.

Переносное значение, являясь производным, типологически соотносится со свободным номинативным значением. Но если производно- номинативные значения связаны с исходными ядерными семами, то переносное значение связано с производными имплицитно в толковании значения слов. Связь эта, установленная на основе анализа деривационных отношений, сохраняет свое значение в типологическом аспекте.

Переносное значение выделяется в словарях в том случае, если оно «очевидно само по себе без помощи контекста». Мысль эта понятна и не требует дополнительных комментариев, но очевидно и другое, а именно то, что толкование переносного значения в словаре представляет его достаточно размыто, диффузно и может быть уточнено лишь в тексте. Функциональные свойства переносного значения многозначных прилагательных изучены недостаточно. В их определении и уточнении необходимо опираться на структуру переносного значения и его типологические характеристики.

В анализе, предполагающем разные этапы и возможности функционирования переносного значения, исходным может послужить рассмотрение синтагматических связей. «Известно, что прилагательные в переносном значении могут сочетаться с ограниченным числом существительных, семантика которых, как правило, определяет характер семантической реализации прилагательного». [5,112] Здесь определяется самая общая схема зависимости реализации переносного значения прилагательного от существительного.

Употребление прилагательных в текстах как А.П. Чехова, так и А.И. Бунина позволяет проследить эти особенности. Рассмотрим характер семантической реализации прилагательного *сладкий* в тексте. Ср.: «*А позавчера папа нас грушами угощал. Сладкие, как варенье*» (*Житейская мелочь*), где прилагательное реализует свое номинативное значение в условиях, подчеркивающих его реальное содержание (сладкий-

«1. имеющий приятный вкус, свойственный сахару, меду и т.п.»\ МАС. В словарной статье приводится этот пример. \).

Обращает внимание тот факт, что в сравнении у Чехова представлено то, что не названо в словарном перечислении, но более соответствует текстовой ситуации.

Переносное значение прилагательного сладкий «б.перен. Приятный, доставляющий удовольствие, наслаждение»\МАС\ связано с исходным номинативным значением этого прилагательного общей семой- «приятный», отмеченной в толковании каждого из этих значений. В тексте оно выступает в том же сочетании, которое представлено в словаре (с уточнением сладкий сон- «спокойный, крепкий»):

«Согретый и изнеможенный сладким первым сном, еще не совсем проснувшийся, он увидел...» (Ведьма). Близким к типовому речению сладкие грезы, тоже представленному в словаре, оказывается и такое употребление прилагательного:

«На пути, говорил он, ему пели птицы и журчали ручьи, и сладкие, молодые надежды волновали его душу». (Без заглавия)

Очень часто переносное значение прилагательного «сладкий» реализуется в сочетании с абстрактными существительными *тоска, усталость*:

После водки и еды чувствуешь такую сладкую усталость, такую негу молодого сна, что как через воду слышишь говор. (Антоновские яблоки)

В данном фрагменте прилагательное употреблено в переносном значении «приятный, доставляющий удовольствие». Это значение поддерживается наличием в предложении сочетания *негу молодого сна*. Семантически близкое слово *нега* обозначает «блаженство, страстное томление, ласка».

Следующий пример:

И понемногу в сердце начинает закрадываться сладкая и странная тоска. (Антоновские яблоки)

В данном случае перенос также осуществляется на основе общей семы «приятный».

Как можно заметить, различия в употреблении прилагательного *сладкий* в прямом и переносном его значениях подчеркнуты различиями в указаниях на носителя признака, предусмотренными теми функциональными ориентирами, которые содержатся в толковании этих значений в словаре.

Внутрисловное противопоставление семы – «приятный»- «неприятный» реализовано в переносном значении *сладкий* – «б.перен. Умильный, приторно-нежный, лстивый, угодливый»\МАС\ . В основе противопоставления лежит избыточность признака, вызывающая неприятные ощущения, переведенные ужев иной план, не связанный с восприятием вкуса. Ср.: *«И перед ней стоял он теперь с тем же заискивающим, сладким, холопски-почтительным выражением, какое она привыкла видеть у него в присутствии сильных и знатных».* (Анна на шее).

Прилагательное *сладкий* представлено здесь в градационном ряду, характеризующем внутреннюю сущность персонажа. Не передавая уже вкусовые ощущения, прилагательное *сладкий* сохраняет связи с исходным значением общностью семантического компонента, здесь представляющего избыточность признака («приторность»).

В структуре данного лексического значения присутствуют функционально-стилистический и коннотативный компоненты «разг.», «неодобр».

Прилагательное из группы вкусовых ощущений *сладкий* используется в тексте в передаче слухового восприятия:

«Ну, перестанем волноваться, - сказал сладким голосом Маликов, ее домашний доктор, слегка касаясь ее руки и улыбаясь тоже сладко». (Переполох).

В данном случае прилагательное *сладкий* и наречие *сладко* реализуют переносное значение «лстивый, лицемерный».

Общность в употреблении, в реализации семантических возможностей обнаруживается и у прилагательного *кислый*, входящего в основную часть прилагательных вкуса:

А он открыл дверцу в тумбе туалета, обоняет кисленький запах старинных духов и тщательно укладывает на полированную полочку синие гербовые бумаги. (Лёгкое дыхание)

В данном случае производное прилагательное *кисленький* употребляется для характеристики запаха старинных духов. Такое употребление выражает неполноту качества носителя признака: «не кислый – кисленький». Здесь прилагательное вкусовых качеств передает обонятельное ощущение. Сопоставление идет по общей семе «острый вкус» и наводится сема «неприятный».

В следующем примере прилагательное употреблено в значении «щи из кислой капусты». Так называют в России блюдо, приготовленное из квашеной капусты:

Порой Кузьма ходил завтракать к Кошелю в людскую- горячими, как огонь, картошками или вчерашними кислыми щами. (Деревня)

В следующем примере прилагательное «кислый» употреблено в переносном значении:

«Дядя сделал кислое, плачущее лицо и продолжал: - И черт принес этого губернатора! Очень мне нужен его визит». (Тайный советник)

Здесь *кислый* обозначает «неудовлетворенность, тоскливо-унылый», «уныло-тоскливый», выражает недовольствие, без всякого подъема, воодушевления».

Не передавая вкусовые ощущения, прилагательное *кислый* характеризует выражение лица недовольного человека.

Объединение этого прилагательного в контексте с причастием *плачущий*– «плачущее лицо» - позволяет видеть здесь ту «часть» значения, которая определена в словаре как «тоскливо-унылый».

Как можно заметить, в самом толковании значения в словаре отмечены семантические возможности для реализации в каждом отдельном случае применения прилагательного. Это связывает данное значение с типом расчлененных значений, выделенных в исследовании Н.В. Солоник.

Таким образом, мы рассмотрели некоторые способы выражения физических ощущений человека и особенности функционирования качественных прилагательных в художественном тексте.

Литература

1. Виноградов В.В. Русский язык. Грамматическое учение о слове. - М., 1974.-С.184.
2. Колшанский Г.В. Контекстная семантика.-М., 1980.-С.107
3. Кацнельсон С.Д. Содержание слова, значение, обозначение.- М., Л., 1965.-С.60.
4. Мазаева О.Ю. Переносные значения прилагательных в их текстовой реализации. Сб. Проблемы исследования слова в художественном тексте. -Л., 1990.-С.114-125.
5. Шмелев Д.Н. Проблемы семантического анализа лексики. -М., 1973.
6. Бунин И. Избранное.-Алма-Ата: «Жазушы»,1983.

**Сағыр Камаловтың халық шығармашылығын
пайдалану ерекшеліктері**

Г.Е. Иманчиева

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

В статье раскрыты особенности использования народного творчества писателя Сағыра Камалова.

In the article the features of the use of folk art writer Sagyr Kamalov.

Ключевые слова: *народное творчество, Сағыр Камалов, писатель.*

Keywords: *folk art, Sagyr Kamalov, a writer.*

Заманмен бірге жасап, заманмен бірге дамитын өнердің іргелі түрі - әдебиет екендігі белгілі. Бүгінгі дамудың даңғыл жолына түскен әдебиетіміздің жасаушылар шоғыры ерекше көз тартады. Әрине, қазір заман өзгерді, қоғам өзгерді деп қазақ әдебиетін, оны жасаушы, қалыптастырушыларды жылы жауып қоюға болмас. Себебі социалистік заман да біздің тарихымыз, әдебиеттің тарихы. Сол тарихтан олар өзіндік орны бар қаламгерлердің бірі – Сағыр Камалов. Әдебиет тарихымыздың алтын қорынан орын алатын «Қазақ совет әдебиетінің» тарихының бірінші кітабында: «Ауылда социалистік қатынастарды нығайту жолындағы табанды күрес хикаялары, бұл жолдағы жетістіктер мен кемшіліктер, түрлі қайшылықтар жайы Б.Майлиннің, М.Әуезовтің, Ғ.Мүсіреповтің, С.Мұқановтың, І.Жансүгіровтің және басқалардың әңгіме, новелла, очерк, роман, повестерінде бейнеленді. Қазақстанда социалистік құрылысты орнықтырудың түрлі мәселелері М.Дәулетбаевтың, Ж.Тілепбергенің, О.Бековтың, С.Камаловтың әңгіме, повестерінде де көрініс тапты», -деп көрсетілген. [1,159] Осы айтылғандай С.Камаловтың сол кезгі дәуір шындығын бейнелеудегі қаламгерлік шеберлігі оның есімі М.Әуезов, І.Жансүгіров, Б.Майлиндермен қатар аталғанан-ақ білініп тұрса керек.

С.Камалов қазақ прозасымен бірге қазақ драматургиясының да дамып қалыптасуына бір кісідей ат салысқан қаламгер. Отызыншы жылдардағы қазақ драматургиясының биік белесі болған шығармалар көбінесе халықтың революциялық күрес тарихы оқиғаларына немесе фольклор сюжетіне құрылған туындылар. Бұл ретте Мұхтар Әуезовтің «Түнгі сарыны» мен «Абайын», «Айман-Шолпанын», Б.Майлиннің «Жалбарын», «Шұғасын», С.Камаловтың «Ер Тарғынын», Ғ.Мүсіреповтің «Қыз Жібегін», «Қозы Көрпеш-Баян сұлуын» атау керек. [1,186]

Расында да С.Камаловтың шығармашылық өнерінің жарқырап көрінген тұсы осы «Ер Тарғын» операсымен байланысты. «Ер Тарғынды» жазғандағы С.Камаловтың ең үздік көрінетін жері – халық шығармашылығын кеңінен пайдалана алуы дер едік.

Әдебиетіміздің ақсақал ғалымдарының бірі М.Қаратаев бұл туынды туралы «Ер Тарғын – тамаша табыс» деген мақала жазып, оның бұрынғы музыкалық пьесалардан айырмасы бастан-аяқ сахнада құйылып тұратын үздіксіз музыкасында деп атап көрсеткен. Бұл бізде ең бірінші опера дей келе автор: «Ер Тарғынды» көргенде «Қыз Жібек» пен «Айман-Шолпан» мұның дайындығы сияқты болып қалады. Екінші жағынан, Камалов Сағырдың «Ер Тарғынды» жазғандағы фольклор материалын пайдалану принципі Мұхтардан да, Ғабиттен де өзгереді [2,69] деп көрсетеді. Әрине, халық ауыз әдебиеті материалдарын қалайша пайдалану әр жазушының өзінің шығармашылық лабораториясының еркінде. Дей тұрғанмен, С.Камаловтың ұтып тұрған жері ЕрТарғынды қазақ эпостарындағы батырлар образының жиынтық бейнесінде алуында деп қараған дұрыс деп ойлаймыз. Көрсетілген мақалада М.Қаратаев «Сағырдың алуында «Ер Тарғын» поэмасының желісі,

оқиғалары, характерлері жазушыны бағындырып, жетекке кетпей, қайта жазушының уысына сиып кеткен» [2,69], - деп жазады.

Біз бұл жерде жазушының «уысының» ерекшелігі образдарды типтендіруінде деп білеміз. Жалпы С.Камаловтың бұл туындысының басты ерекшелігі екеу, бірі – Тарғын образын эпостық батырлардың жиынтық бейнесінде алуы, Ақжүніске қарама-қарсы тыңнан Тана образын енгізу болса, екіншісі образдарды, характерлерді ашудағы музыканың ұлттық калорит негізінде таңдалынып алынуы. Бұл әрине композитор Е.Брусилловскийдің еңбегі екенін де жоққа шығаруға болмайды. [3,44]

Автор халық жырының ізімен кете бермей, қаһармандардың мінез ерекшелігін даралап аша білген. Соның арқасында эпос қаһармандары: Тарғын, Қожақ, Ақжүністер қайта құлпырып шықты. Характерлерді мейлінше терең ашуға лайық ситуацияларды екшеп ала білгендігі кей тұстарда эпосқа «өзгеріс» енгізуге баруы, бай да тартымды тілі С.

Камаловтың талантты драматург болғандығын көрсетеді. Оның прозалық, драмалық шығармалары ізденгіш, еңбекшіл, дарынды суреткерді танытады [3,45].

Шығармаға жаңадан кіргізілген Тана образы кезінде әдебиеттің таптық сипатын насихаттаған уақытта кең түрде қолдануға ие болды, ал қазіргі көзқараста олай емес екендігі айтпаса да түсінікті. Алайда Тана да, Ақжүніс те өз кезеңі үшін шебер қиыстырған образдар. Бұл жерде «Айман-Шолпан» мен «Қыз Жібектің» озып кеткендігі білінеді, алайда қаламгер өз заманына, қоғамдық құрылысына жауап бере алмайды. Қалай айтқанда да «Ер Тарғын» әлеумет өңірінің көріністерін, далалық өмір бедерін шыншылдықпен көрсете алуымен құнды [2,70].

Пьеса табиғатынан екіұшты өмір кешеді. Ол - сахналық материал және бас-аяғы тұтас көркем шығарма. Сахнаға қойылмай, сирек болса да оқуға арналған пьесалар әлемдік драматургия тарихында аз кездеспейді. Ал біздің қазақ драматургиясы негізінен сахнаға арналған. Сөз - драмада ерекше маңызға ие. Пьесаның өміршеңдігі оның әрекет тіліне байланысты. Бірақ ол шынайы драмалық поэзия, драмалық өнер болу үшін бізді ішкі қуатымен еліктіріп әкетуімен бірге, өзінің құлаққа тамаша естілуімен, бейнелік бітім болмысымен, келісті мазмұнымен, идеялық өткірлігімен баурап алуы қажет.[4,185]

Жоғарыдағы біз шолып өткен шығармалардың біразынан осы ерекшеліктердің байқалуы - драматургия жанрының даму үрдісіне кепіл.

Қазақ әдебиетінде өзінің жазу мәнерімен ерекшеленіп, соны соқпағын салған майталман қаламгер Сағыр Камалов драматургияда да өзінің жүйріктігін танытты. Жазушының ойы мен ұшқыр қиялынан туған әңгімелер, пьесалар ұлттық әдебиетіміздің алтын қазынасын толтырған құнды шығармалар десек, артық айтқандық емес. Қазақ және шет ел сахналарында қойылып жатқан пьесалары біздің осы айтқанымыздың дәлелі.

Сағыр әдебиеттің әр жанрында өзінің қабілетін байқап көрді. Бірақ оның жазушылық талантын анығырақ танытқаны — драма саласы болды.

«Қанды таяқ», «Құттықтаймын», «Ер Тарғын» пьесаларын алсақ, олар автордың шын мәніндегі драматург болғанын дәлелдейді. Біз осы арқылы Сағыр Камалдың драматург екенін білеміз[5,41].

Ұлы жазушылардың бәрі де өз заманымен, оның тарихи-әкімшілік тәртібімен қайшылықта өмір кешкен. Өйткені ұлылық жеке билеушілер мен үстем топтардың көңілінен шыға бермейді, ол жалпы адам баласына ортақ озық идеялардан нәр алады, соларға халықтық армандарды идеал тұтады. Күнделікті тіршіліктің ұсақ-түйегі, аяқтан шалатын мінездері жазушы жанын күйзелтеді. Ол кейінгі ұрпаққа сол жан күйзелістері туралы айтады. Ұлы жазушыларды кейде ғажап, бүгінгіден түңіліп, өткенге қарауға сыры да осымен байланысты болса керек. Алайда, көбінесе, олар ілгері қарайды, жақсылықты алдан күтеді. Адамға сенеді, соның болашағынан үміттенеді.

Сағыр Камаловтың өмірі мен еңбегінен де осы белгілерді көру қиын емес. Ол да ұлы ұстаздары тәрізді өзі өмір сүрген кезеңінің тар қалыбына сыймай, ой-пікірдің тежеуіне көнбей, уақыт, заман, адам туралы ойларын еркін айтқан ақын. Сол үшін қоғам

принциптерімен қайшылыққа келді, қудаланды, әр қилы айыптауларға тап болды. Жазушының 44 жылдық қыршын жасының көбі осы тартыстармен өтті.[3,47] Әдебиеттегі ақтаңдақтар қатарына жатпаса да қазіргі күні әдеби ортада есімі көмескі тарта бастаған Сағыр Камалов өзіндік қолтаңбасы, стилі бар, қазақ прозасы мен драматургиясының дамуына ат салысқан айтулы қаламгердің бірі. Сағырдың әдебиетте қалдырған мұралары, өшпес ізі өзі бағындырған өмірі үшін аз мұра емес.

Әдебиеттер

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. III том, I кітап.-Алматы:Ғалым,1967.
2. Қаратаев М. Туған әдебиет туралы ойлар.-Алматы: ҚМКӘБ, 1958.
3. Жұмалиев Қ. Жайсаң жандар. - Алматы: «Жазушы», 1965.
4. ТоғжановА., ЖансүгіровІ. Қазақтың театр өнері туралы.- Алматы,1933.- 17-25бб.
5. Баймағамбетұлы Н. Сағыр туралы//«Әдебиет майданы» журналы, 1933, №5, 41-49б.

ТАРИХ, ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТАНУ
ИСТОРИЯ, ФИЛОСОФИЯ И СОЦИОЛОГИЯ
History, Philosophy and Sociology

ӘОЖ 931.574

ШЫҢҒЫС ХАННЫҢ «ҰЛЫ ЖАСАҒЫНАН» БАСТАП
ТӘУКЕ ХАННЫҢ «ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫНА» ДЕЙІНГІ
САЛЫҚ, ҚҰН ТӨЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

Ү.Қ. Сәрсембин, Г. Нұрланқызы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан

В статье рассматривается особенности налоговой системы от времен Чингиз хана до Тауке хана.

In the article a tax is examined system from Chingiz of khan in to Tauke of khan.

Ключевые слова: *Чингиз хан, налоговая система, Тауке хан, виды и структура налоговой системы, правления.*

Key words: *Chingiz Khan, the tax system, Tauke Khan, types and structure of the tax system of government.*

Әрбір буынның өзі өмір сүрген уақытты өзекті кезең санайтыны бар. Осыдан мың жарым жылдай бұрын ұлан байтақ Еуразия даласының нақ кіндігінде көне түріктердің ұлы империясы дүниеге келді, ол империя кейін мына шеті Қытайдан басталып, ана шеті Византияға тіреліп жатқан алып кеңістікті бағындырып алған қуатты мемлекеттік бірлестіктерге айналды. Сол уақыттардан бері біздің бабаларымыз Солтүстік Еуразияның төсінде, тұрақ мекенін ауыстырмай ғұмыр кешіп келді, қазір біз де тап сол өңірде өмір сүріп жатырмыз.

Кейін екінші мыңжылдықтың бас жағында даламыз моңғол көшпелілерінің шапқыншылығына ұшырап, аса жойқын апатқа тап болмағанда Қазақстанның тарихы басқаша түзілер еді. Алайда тарих болжам жасап, құр пайымдай қоймайды, сондай-ақ, ақ-қара деп қана айыра салғанды да құп көрмейді. Моңғолдардың шағын қолы жергілікті халыққа араласып, сіңісіп кетті, одан кейінгі Алтын Орданың, Ақ Орданың, Көк Орданың тарихы, шынтуайтына келгенде, түрік халықтарының тарихы болып табылатыны сөзсіз. Өзінің геополитикалық жағдайы жағынан еліміз Еуропа мен Азияның ортасында, славяндар мен түркі халықтарының, оған қоса Қытай мәдениетінің шекарасында орналасқан.

Еуразияның осы кіндігінде сақтардың, ғұндардың, түркілер мен түркі-моңғолдардың мемлекеттері өмір сүріп, қайталанбас дала өркениеті жасалынды. Осы жерде көшпелі және отырықшы халықтардың басы қосылды. Қазіргі қазақ халқы осынау өркениеттің тікелей мұрагері болып отыр. Сондықтан қазіргі отандық тарихнамадағы бірден-бір өзекті мәселенің бірі осы дала мәдениетінің үлкен бір кезеңі түркі-моңғол халықтарының мемлекеттік тарихын, яғни Шыңғыс хан құрған және оның әулеті билеген империяның қазақ халқы тарихындағы алатын орнын анықтау болып табылады [1, 80 б.].

Мемлекет және құқық туралы Еуразия көшпелілерінің түсініктеріне іргелі өзгерістерді Шыңғыс хан заманы енгізді. Шыңғыс хан өз империясында әскери-құқықтық заңдар жинағын шығарды. Ол шамамен Шыңғыс хан ұлы хан тағына отырғаннан кейін құрастырылған. Жасақ заңы ежелгі түркі қағандары мен X-XII ғғ. өмір сүрген түркі ұлыстарының әскер құру тәртібі, ел билеу жүйесі және тұрмыс-салт заңдары негізінде

пайда болды және Шыңғыс ханның мұрагерлері оны бұлжытпай орындап отырды. Жасақ ережелерінде, негізінен әскерді ұйымдастыру мен басқару, жауынгерлер мен әскербасылар (нояндар) және хандар арасындағы қарым-қатынас мәселелері, сондай-ақ әкімшілік құқықтық ережелер баяндалған. Бірақ, зерттеушілер Шыңғыс ханның көшпелілерге енгізген тәртібі өзіне дейінгі дәстүрге сүйеніп жасалғанын ескертеді: «Таким образом очевидно, что Чингис хан собрал все имеющиеся да него изустные законы, и этот то законодательный акт и составил «Великую Ясу» [2, 60 б.].

Шыңғыс ханның «Яса» немесе «Жасақ» заңдарының мәтіні толықтай жиналған жоқ, дегенмен Джувейни, Макриси, Хондемир сияқты араб-парсы тарихшыларынан бірсыпыра деректерді кездестіреміз. Джувейни «мұңғыл-татарда өзінде жазу-сызу болмағандықтан, балалар сауаттылыққа үйренсін деп Шыңғыс ұйғырдың ұстаздарын келтірді» дейді. Сонымен бірге, «Жасақ» бойынша: «Мемлекет басының әр түрлі жарлықтары хатқа түсірілсін және әр түрлі құрылтай кезінде басшылыққа алынсын делінеді. «Жасақ» барлық діндерді қатар ұстауды талап етеді. Себебі Джувейнидің жазуына қарағанда «өздері ешқандай да бір дінге сенім білдірмейді» [3, 63-64 бб.].

Кең байтақ жерлерді жаулап, мемлекет құрғанда Шыңғыс хан әр түрлі діннің жүйесімен кезікті, бірақ бірінен-бірі артық санаған жоқ. Осы діндерді өз мемлекетін нығайту ісіне жақсы пайдалана білген [4, 398-399 бб.].

Шыңғыс ханның тағайындаған заңдар кодексі бірнеше баптарға бөлінді. Соның ішіндегі бір қатары дінге қатысты айтылған болатын. Джувейнидің айтуынша, моңғолдар өз далалық аймақтарында мұсылмандарды құрметпен қарсы алған, оларға арнап ақ теріден қапталған шатыр тұрғызған. XIII ғ. моңғол мемлекеті мұсылман саудагерлерімен одақтасуға тырысты, оларды Орта Азия мен Қытай мемлекеттерінде өз мүдделері үшін пайдалануды көздеді. Осы кезеңде мұсылман халықтан зекет, құшыр салығы, мұсылман емес халықтан хараж, жизье салық түрлері салынатын. Бірақ Жасақ бойынша Шыңғыс хан ордасында Ислам дініне бет бұрғандар алым-салықтардан азат етілді және де әрбір адам діндердің кез-келгенін құрметтей білуге тиісті деп кейбір деректерде жазылған. Сонымен қатар, кісі өлтірген қылмысы үшін мұсылманға қырық алтын теңге (балаш), қытайлыққа бір есек түрінен құн төлеп құтылуға рұқсат етілген [5].

Шыңғыс хан әрқашан өзінің ақылшысының айтқан сөздері мен тәрбиелігін бақылап, ұлы Үгедейге: «Тәңір бізге батыл да, тәрбиелі әрі ақылдыларды жібереді. Олар — мемлекеттің тірегі. Солардың бірі — Елюй Чуцай, оның айтқанына әркез құлақ сал» деген дерек кездеседі тарихта [6, 89 б.].

1227 жылы империяның негізін қалаушы Шыңғыс хан өмірден өтті, екі жылдай уақыт өткен соң, хан тағына Үгедейді сайлау туралы құрылтай өтті. Юань Ши дерегі бойынша, Шыңғыс хан өлді, бірақ өлер алдында Үгедей ханға шешілмеген салық мәселесін қалдырды. Үгедей қолбасшыларымен ақшаны қандай жолмен табудың шешімін таппай отырғанда, көмекке Елюй Чуцай келді.

1227 жылы таңғұттар патшалығы Си Ся, Бяньцзин және 1234 жылы Цзиннің оңтүстік астанасы құлағаннан кейін барлық Солтүстік Қытай моңғолдар қолына өткен болатын. 1230 жылдары моңғол нойандары Үгедей ханға қытайлардан пайда жоқ, олардың көзін құртып, жерін шаруашылыққа пайдаланайық делінген. Бұған қарсы Елюй Чуцайдың пікірі өзгеше болды. Ол халықтың көзін құртпай-ақ, салық төлету жағын қарастыруды ұсынды. Егер расымен де, Солтүстік Қытайда әділетті түрде жер салығын, сауда-саттық салығын енгізсек, сонымен қатар тұз, шарап, темір балқыту заттары жиналса, онда жыл сайын күмістен 500 мың лян, тоқыма жібектен 80 мың орамы, бидайдан 400 мыңдай ши жиналар еді. Бұның барлығы әскерлерді қамтамасыз етуге жеткілікті болатын. Үгедей келісіп, Солтүстік Қытайдың (Лу) барлық он шақты әкімшілік ауданынан бұрынғы Цзинь империясының шенеуніктері басқарған салық басқармасы (Кэ Шуй Со) құрылды [7]. Ең алдымен салық төлеушілер арасынан халық санағын жүргізуін ұсынды. Санақ барлық моңғолдар аймағына және басып алынған жерлердің барлығына толықтай жүргізілді. Салық жүйесі хандықтың барлық тұрғынына бірдей болды: бір тұрғында жүз шақты заты

болса, оның біреуін жылына салық ретінде шенеуніктерге беріп тұрған. Ал, көпестер заттарының 3%-ын төлеген, шарапты қоспаған жағдайда 10%-ға дейін көтерілген. Алғашқы болып жиналған салық жүйесі ойдағыдай өтті, ол барлық әскерлерді қамтамасыз етуге, халық тұрмысын жақсартуға да, ардагерлер қауымын жермен емес, заттармен, малмен мадақтауға да жеткілікті еді [7]. Кейін бұл жүйе орнында тұрмады, Үгедей ұлысы құлдыраған соң, Шыңғыс хан ұрпақтары арасында «Ұлы Жасақ» заңына өзгертпелер ене бастады. 1241 жылы Үгедей ханның дүниеден өтуіне байланысты, оның жесірі Дорэгэнэ (Төрегене) таққа келіп, Елюй Чуцайды барлық қызметінен алып тастайды. Мемлекеттің жағдайы күрт нашарлай бастайды [7, 67 б.]. Ал, Жошы, Шағатай ұлыстары ислам дініне бет бұрып, барлық амал шарттарды қабылдап жатқан кезең болатын. «Ұлы Жасақ» бойынша ұлыстарда Шыңғыс ханның негізгі қағидалары сақталды. Ал, Елюй Чуцайдың бұл жүйесі Құбылайдың ордасында жалғасын тапты.

Моңғол шапқыншылығынан кейін, тұңғыш рет Шығыс Дешті Қыпшақтың, Солтүстік Түркістанның, Жетісудың түркі тайпалары бір мемлекетке біріктіріліп, алдымен Қазақ хандығының, кейіннен қазақ ұлтының шығуына алғы шарт жасалынған еді.

XV ғасырда алғашқы Қазақ хандығының құрылуы халықтың тарих төсіндегі, уақыт кеңістігіндегі өзіңе тиісті бөлекше орынды алып тынғанын тиянақтады. Ұлы хандарымыз Керей мен Жәнібек оны саяси тұрғыдан бедерлеп берді. Ұлттық тарихымыздың соңғы бес ғасыры халқымыздың өмір сүретін кеңістік үшін арпалысының тарихы болып табылады. Кейін Шыңғыс хан империясы ыдырағаннан кейін құрылған түркі мемлекеттерінде, соның ішінде Қазақ хандығында «Жасақ» заңы сақталып қалды.

Бірнеше мың жыл бойы Еуразия көшпелілерінің жуан ортасында алаш туының астында болған қазақ руларының өз бетімен мемлекет құрған уақыты XV ғасырдың ортасы. Керей және Жәнібек хандардың кезінде мемлекеттік идеяның өміршеңдігі үшін күрескен қазақ рулары Жәнібек баласы Қасым хан кезінде мемлекетті нығайту, заң ережелерін бір қалыпқа келтіру, ішкі және сыртқы саяси ахуалға заңдарды ыңғайлау мәселесіне кіріскенге ұқсайды.

Қазақ хандығының ішінде Қасым хан ел басқару ісін бір жүйеге келтірген алғашқы заң жинағын дүниеге әкелген хан. Билердің кеңесінде көппен ақылдасып, «Жарғы ережелеріне» («ақсақалдар ережесі», «ата баба жолы», «жөн жосықтар») мәнді өзгерістер енгізді. Халық бұқарасы Қасым ханның ежелден қалыптасқан билер заңы жарғысын жаңадан көтергенін ұнатып, оны «Қасым ханның қасқа жолы» деп атап кеткен. Ол бұрынғы заң қағидаларға: мүлік заңын, қылмыс заңын, әскери заң, елшілік жораларын кірістірген болатын. «Қасым ханның қасқа жолы» тек құқықтық көзқарастардың жинағы ғана емес, ол ең алдымен қазақтың ел болу үшін, жұрт болу үшін күрес жолы.

Қазақтың басын құрап, өз бетімен ел қылып, найзамен шекарасын сызып кеткен Қасым ханның қазасынан кейін, хан билігі ұзақ уақытқа созылған дағдарысқа ұшырады. Осындай қысылтаяң кезде мемлекет билігін түзеу міндеті Шығай ханның ұлы, Тәуекел ханның інісі Есім хан иығына түсті [8, 541-542 бб.].

XVІ ғасырдың басында алғашқы ширегіндегі мемлекет және құқық туралы түсініктердің дені «Есім ханның ескі жолы» атты ережелермен байланысты. «Еңсегей бойлы Ер Есімнің» халық арасында үлкен қошеметке ие болуының себебі де бар [9, 103 б.]. Жошы әулетінен шыққан хандар ішінде қырық жыл тұтас хандық құрған деп дәріптелетін Есім хан өз заманында көптеген жол жоба, кәде қауымет заңдарын шығарған, бірақ олар «Қасым ханның қасқа жолы» сияқты қалыптасқан билік құқық жүйесін өзгерту емес, қайта жаңғыртуға бағытталған істер болды. Есімнің мақсаты мемлекеттің негізін нығайту, қоғамда төрелердің орны мен белсенділігін күшейту, ішкі талас тартысты болдырмау еді. Сол себептен оның заманында елге танымал тәртіп «Есім ханның ескі жолы» атанды. Есім хан дәуірі аяқталған соң, Қазақ хандығы тағы да ұзақ дағдарысқа түскені тарихи деректерден білеміз. Қазақ жерінің біршама алқабы тұтас ойрат тайпаларының қолына көшті. Елде дүрбелең кезең басталды. Есімнің баласы Салқам Жәңгір хан қалмақтың қолынан қаза тауып, қазақ халқы ондаған жылдарға созылған жүдеушілікке ұшырады.

Өзге елдің жемі болып кететіні анық болған уақытта қазақ билігіне «Әз» атанған әділ басшы Тәуке хан келді.

Тәуке өз заманының едәуір күшті әміршісі болды, оның билігі аумақтық жағынан қазақтың барлық үш жүзіне тарады.

XVIII ғасырдың басынан Қазақ хандығы Тәуке ханның билеуімен мәлім.

Оның жүргізген саясатында басты орын алатын «Жеті жарғысы» еді.

Хан кеңесінің шешімімен жарыққа шығып, елге таралған, бізге белгілісі «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті жарғысы». Жәңгірдің ұлы Қасым «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын» өз дәуіріне сай етіп, сондағы ережелердің жеті түріне күрделі өзгеріс енгізгендіктен, ол өзгерістер «Тәуке ханның Жерті Жарғысы» аталып кеткен делінеді. Бұдан біздің аңғаратынымыз Ұлы Жасақта айтылған айып, құн төлеу мәселелері кейінгі жарғыларда да орын алғаны. Бірінші жарлығында: «Халықтың ханы, сұлтаны, пірі - әзіреті қастан өлтірілсе, олардың әрқайсысы үшін жеті кісінің құны мөлшерінде құн төленсін».

Екінші жарлығы: «Төрелер мен қожалардың жай қатардағы біреуі өлтірілсе, олардың әрқайсысына (ақсүйектің, пірдің тұқымы деп) екі кісінің құны төленуі тиіс».

Үшінші жарлығы: «Сырттан келген адам үйге кірерде мініп келген атын босағаға байлағандықтан біреуді теуіп өлтірсе «бүтін құн», үйдің жапсарына байлаған ат теуіп өлтірсе «жарты құн», ал үйдің артына байлаған ат теуіп өлтірсе тек «ат тон» айып тартады».

Ал төртінші, бесінші, алтыншы жарлығында баланың ата-анаға деген қарым-қатынасы, қалың мал секілді айтылса, жетінші жарлығында: «Ұрыдан айыр - түйеге нар, атқа-аруана, тайлаққа-атан, тайға-ат, қойға-тана төлетеді. Оның үстіне үш тоғыз айып төлейді» [10]. Қазақтың негізгі байлығы мал болғаны белгілі. Сондықтан «Жеті жарғы» заңдарына сай әр меншік иесі өз малдарына ен салуға міндеттелді. Бұл сол заманның бір міндеткерлігі есебінде қаралды. Сонымен қатар, әр рудың жайылым жер меншігі де қатаң белгіленді. Жазалаудың ең көп таралған түрі - құн төлеу. Құн төлеудің өзі әр түрлі жағдайда рәсімделген. Қылмыскердің және өлген адамның әлеуметтік жағдайына байланысты құн мөлшері өзгеріп отырған. Мысалы, өлген ер адамның құны - мың қой болса, әйел адамның құны - бес жүз қой болған. Ал өлген адамның әлеуметтік жағдайы ақсүйек болса құн мөлшері жеті есе өскен делінеді.

Сонымен қатар, Христиан дінін қабылдаған адамның мал мүлкі тәркіленген. Құдайға тіл тигізгені үшін де жазаға тартылған екен. Белгілі мөлшерде құн төлеген.

Құн төлеудің шарты мен шығынына сай: қара құн (жүз жылқы, он екі жақсы), сүйек құны (елу жылқы, алты жақсы), өнер құны (тоғыз жақсы, тоқал құн) деп ажыратылса, жарты немесе ширек құндар адамның дене мүшесіне зақым келген уақытта алынады. Қазақ билігінде құнмен қоса, айып төлеудің де шарттары болған. Ол қоғам тәртібін, адамдар арасындағы қатынас нормасын реттейтін, алдын алатын шара есебінде қарастырылған [12, 80-81 бб.].

Міне, осының бәрі елдің ішкі саясатының берік болуына әсерін берді.

Елбасы айтқандай: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттілігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн» [11, 267 б.].

Халқымыз мекендеген ұлан-ғайыр аймақтағы руханияттың алты мың жылдық тарихи дамуын он екі кезеңге бөліп көрсетті. Осы кезеңдердің ішіндегі жетінші, сегізінші, тоғызыншы кезеңдердің мәні зор. Жетінші кезең - XI ғасырдан бастау алып, түркілердің тұңғыш сопысы Қожа Ахмет Иссаuidің ілімімен өрнектеледі. Сегізінші кезең - XII-XIV ғасырлар. Бұл тарихтағы қарахандықтар дәуірі, Қыпшақ конфедерациясының қалыптасуы, Моңғол шапқыншылығы, Алтын Орданың іргесі қалануы болса. Тоғызыншы кезең - Қазақ хандығының өркендеуі сияқты елеулі оқиғаларға толы кезең. Бұл кезеңдерде кең ауқымды әлеуметтік, саяси және экономикалық реформалар жүргізілді. «Ұлы Жасақ»,

«Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті Жарғы» секілді орын алған құқықтық жарғылар мемлекеттің іргесін берік нығаюына атсалысты. Қазақта мынадай мақал бар: «Жеті атасын білмейтін ер жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмейтін ел жетесіз». Шынында жеті ғасырмен де шектелмеу керек, өйткені біздің тарихымыз қаншалықты сирек әрі қиындықпен болғанын ұмытпауға тиіспіз.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. Алматы: Атамұра, 2003.
2. Гурлянд Я.И. Степное законодательство с древнейших времен по ХУІІ столетие//Известия общества археологии, истории и этнографии при Казанском университете. -Вып. 4-5. -Казань, 1904. -Т.ХХ.
3. Омари Ж. Қаз дауысты Қазыбек би.- Жеті Жарғы. – Астана, 2000.
4. Құнтөлеуұлы А. Мұхаммед Пайғамбар (Өмірі және Ислам діні). -Алматы: Дәуір, 2003.
5. «Отырар» энциклопедиясы.- Алматы: «Арыс» баспасы, 2005.
6. [Государственный строй Монгольской империи XIII в. Трепавлов В.В. 1993.](#)
7. [Китайский источник о первых монгольских ханах. Надгробная надпись на могиле Елюй Чу-цзя / Перевод Н.Ц. Мункуева. — М.: Наука, 1965.](#)
8. Марғұлан Ә.Х. Қасым ханның қасқа жолы//ҚСЭ. Алма-Аты, 1975. Т.6.
9. Халид К. Тауарих Хамса (бес тарих). Алматы, 1992.
10. Н.Өсерұлы. «Жеті Жарғы». Алматы. 1995.
11. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 2003.
12. Артықбаев Ж.О. «Жеті Жарғы» мемлекет және құқық ескерткіші (зерттелуі, деректер, тарихы, мәтіні). Алматы, 2006.

УДК 950.574.1

Деятельность религиозных обществ Актюбинской губернии в 20-50-е гг. XX в. (на материалах Актюбинской области)

Б.К. Сугурбаева

*Актюбинский региональный государственный университет им. К. Жубанова
город Ақтобе, Казахстан*

Ақтөбе облысының материалдар негізіндегі XX ғасырдың 20-50 жж. Ақтөбе губерниясындағы діни қоғамдардың қызметі қарастырылған.

Based on sources taken from Actobe oblast given article depicts activities of religious societies in Actobe province in 1920-1950 of XX th century.

Кілт сөздер: *Ақтөбе губерниясы, діни қоғамдар, мешіттер, дін.*

Key words: *Actobe, religious communities, mosques, religious.*

На середину 20-х гг. XX в. приходится пик религиозного оживления.

Судя по архивным документам, мусульманские учреждения действовали почти во всех областях Казахстана и объединяли служителей культа разных национальностей: казахов, уйгур, дунган, узбеков, татар. На долю казахов, как и прежде, приходилось около 90% верующих и духовенства.

В Актюбинской губернии также действовали различные мусульманские учреждения: мечети, религиозные общества, медресе. В отчете Компартии Казахстана отмечалось, что «в начале 20-х годов в Актюбинском и Иргизском уездах было 204 мечетей, 88 церквей, 109 молитвенных домов [1], а в 1927г. по Актюбинскому уезду было зарегистрировано «58 православных, 55 мусульманских, 4 баптистских, старообрядческих и лютеранских по одной религиозных обществ» [2].

В начале 20-х годов в Кирнаркомюст, в «ликвидационный» отдел, стали присылать свои уставы для регистрации религиозные общества мусульман из Оренбурга, Актюбинского уезда и других мест. К уставу прилагались протоколы собраний и списки членов общества. Согласно постановлению ВЦИК от 3 августа 1922 г., ни одно религиозное общество, какого бы ни было культа, не могло начать свои действия без регистрации его в отделе Управления Губернского или Облсполкома [3].

Для регистрации религиозных обществ, не преследующих цель извлечения прибыли, требовались следующие документы: «устав общества; список членов учредителей в следующей форме: Ф.И.О., местожительство и адрес, социальное положение, общественное и служебное положение за время с 1914г., имущественное положение, время присоединения к религиозному культу; копия ходатайства с разрешения объединения, поданного в соответствующий орган; копия утверждения устава соответствующим органом; справка с места нахождения исполнительного органа; список отделений, их местонахождение и список уполномоченных отделений с указанием их места нахождения». Все перечисленные документы должны были быть представлены в Административный отдел в трех экземплярах [4]. Все религиозные общества всевозможных религиозных культов в отношении прав и обязанностей должны были быть равны и не должны были пользоваться никакими преимуществами и субсидиями от государства. Религиозные общества могли заключать сделки частного-правового характера, связанные пользованием культовым имуществом, например, договор о поставке дров, о ремонте и т.д.

Одним из религиозных обществ, образовавшихся в г. Актюбинске, было Актюбинское религиозное мусульманское общество. Цель Актюбинского мусульманского религиозного общества состояла в сохранении и поддержании путем вероучения религии ислама, благоустройства и содержании мечети со всеми расходами в полном объеме с инвентарем, ремонтом, государственными и общественными налогами, а также благоустройство мусульманских кладбищ г.Актюбинска. Район деятельности общества ограничивался пределами г.Актюбинск. Учредителями общества выступили мусульмане г.Актюбинска: «Гиллязетдин Курмаев, Корши Ситдииков, Нурийахмед Гимафдинович Ишмеев, Сабит Алюков, Нигматулла Акалаев, Хусаин Мамзин, Хабфутдин Хусамутдинов, Файзрахман Каберов, Мухаммед Салимов и Хафиз Гатауллин» [5]. Общество имело устав и печать с надписью «Актюбинское мусульманское религиозное общество». В члены общества могли приниматься все мусульмане, проживающие в г.Актюбинске. Однако Губернский Административный отдел в лице начальника Карпова сделал оговорку, что согласно положению о регистрации религиозных обществ «лица, не достигшие 18-летнего возраста, не могут быть членами религиозных обществ» [6]. Действующие члены общества должны были уплачивать ежегодно общественный взнос в размере не свыше 3-х рублей. Члены общества, не уплатившие взнос в течение года, считались выбывшими из состава общества по постановлению общего собрания, с сохранением, однако, права вступить обратно в общество на общем основании. Непосредственное управление делами общества принадлежало Совету, имевшему постоянное пребывание в г.Актюбинске. Совет состоял из председателя и 5 членов, избираемый на один год по голосованию общим собранием из своей среды. Общественное собрание могло по необходимости увеличивать количество членов Совета или избрать кандидатов в числе Совета. Также в состав Совета на один год избирались казначей и секретарь общества. Совет собирался не менее одного раза в месяц, в случае надобности председатель назначал экстренное заседание Совета. В обязанности Совета входило: 1) исполнение постановлений и инструкций общего собрания; 2) составление отчетов за каждый год и сметы на будущий год для представления в общее собрание; 3) наблюдение за исполнением правил устава и инструкций; 4) рассмотрение отчетов и ведомостей казначея; 5) предварительное рассмотрение вопросов, подлежащих обсуждению общественным собранием.

Обязанности казначея состояли в следующем: введение приходно-расходной книги общества, принятие пожертвований, введение всего счетоводства, представление в Совет денежного отчета и ежемесячных ведомостей о движении сумм за каждый год. Секретарь общества составлял журналы заседания Совета общества, скреплял исходящие за подписью председателя бумаги, вел всю канцелярию общества. Расходы сумм общества производились по смете утверждений общим собранием. О расходах, производимых в экстренных случаях, Совет сообщал чрезвычайному и годичному собранию. Также общим собранием на один год из членов общества в составе трех членов избирала ревизионная комиссия. Ревизионная комиссия из своей среды избирала председателя и секретаря. В деятельность ревизионной комиссии входило рассмотрение денежного отчета Совета и представление доклада через совет годичному общему собранию. Средства общества составлялись из ежегодных и единовременных взносов членов общества, также из пожертвований посторонних лиц в пользу общества.

Общее собрание состояло из действующих членов. Первое общее собрание состояло из учредителей, подписавших устав Актюбинского Мусульманского общества, и число их должно было составлять не менее 5 человек. Общее собрание было трех видов: 1) очередные, проходящие не менее одного раза в месяц в определенный Советом общий день; 2) чрезвычайные, собирающиеся по мере надобности; 3) годичные, проходящие по истечении каждого года, определенные общим собранием или Советом.

В функции очередных общих собраний входило: чтение, беседы и обсуждение предлагаемых членами общества различных вопросов, требующих разъяснения. На годичных собраниях производилось: 1) выбор председателя общества; 2) выбор членов общества, членов Совета, кандидатов, казначея, секретаря; 3) выбор ревизионной комиссии; 4) определение размера ежегодных членских взносов; 5) рассмотрение и утверждение отчетов Совета, сметы, инструкции должностных лиц, общества и т.п. Чрезвычайные собрания созывались по усмотрению Совета или по требованию 2/3 общего числа находящихся в г. Актюбинске членов общества. На годичные собрания посетители ходили по рекомендации членов общества.

Постановления общего собрания имели обязательную силу для всего общества. В случае равенства голосов общества при разрешении вопросов голосуемое предложение считалось отвергнутым. Очередные собрания считались действительными, несмотря на количество прибывших членов. Чрезвычайные и годичные считались действительными, если на них присутствовало не менее 1/3 находящихся в г. Актюбинске членов общества. В противном случае общество назначало собрание вновь не позже семи дней, и такое собрание считалось состоявшимся, независимо от числа прибывших членов, о чем члены общества предупреждались в повестках на первом же заседании. Члены, не имеющие возможности прибыть на собрание, должны были заблаговременно уведомить об этом председателя общества или исполняющего его обязанности.

Общество могло прекратить свое существование по постановлению общего собрания в наличности не менее 3/4 всех действующих членов и большинством 3/4 голосов этого собрания. В случае прекращения деятельности общества дальнейшее назначение его капиталов и имущества, могущих оказаться по ликвидации его дела, определялись общим собранием. За исключением некоторых случаев, указанных выше, все вопросы на общих собраниях должны были решаться простым большинством голосов [7].

19 января 1926 г. Административный отдел Губернского исполнительного комитета в лице начальника Губернского Административного отдела Успанова и заведующего отделением Административного надзора Кривцуна, рассмотрев устав религиозного мусульманского общества п. Эмба Джурунской волости Темирского уезда Актюбинской губернии, зарегистрировали данное религиозное общество, отметив, что, как устав, так и другие документы вполне соответствовали всем требованиям инструкции о порядке регистрации обществ и союзов. Религиозное мусульманское общество п. Эмба имело

целью объединение граждан мусульманского вероисповедания в районе п. Эмба в количестве 138 человек [8].

21 января 1926 г. было зарегистрировано религиозное мусульманское общество Балапанского аула Чулак Жединской волости Челкарского уезда Актюбинской губернии [9], а 22 ноября того же года было зарегистрировано религиозное мусульманское общество Аккумского аула Жаркульской волости Челкарского уезда Актюбинской губернии. Также 10 марта 1927 г. было зарегистрировано религиозное мусульманское общество аула №11 Эмбо-Темирской волости Темирского уезда Актюбинской губернии. Учредителями общества стали:

- 1) Ниязов Абсайтар, занимавший должность имама;
- 2) Беркут Юсупов – Мазин;
- 3) Кавахмед Шакеев – мутавалл;
- 4) Тлеп Жанебаев – мутавалл [10].

6. Офіційний сайт звіту «Doing Business» [Електронний ресурс] – Режим доступу: www.doingbusiness.org.
7. Охріменко Олександр. Де податки вищі: в Україні чи в Гондурасі? / О. Охріменко // [Електронний ресурс]. – Режим доступу: <http://news.finance.ua/ua/toplist/~2/2/300759>
8. Про внесення змін до Податкового кодексу України та деяких законодавчих актів України щодо податкової реформи: Закон від 28.12.2014 № 71-VIII // ВВР. – 2015. – № 7–8, № 9 [Електронний ресурс]. – Режим доступу: <http://zakon1.rada.gov.ua/laws/show/71-19/para7#n7>
9. Щава Р.П. Проблеми фіскальної політики в глобальних парадигмах економічного світового розвитку / Р.П. Щава // Бізнесінформ. – 2015. – № 2. – С. 68–72.

УДК 316.422:338.2

МЕХАНИЗМ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЗАНЯТОСТИ И СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

М.А. Турганбаев, Н.М. Утемисов

*Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова
город Актюбе, Казахстан*

*Казахстанский университет инновационных и телекоммуникационных систем
город Уральск, Казахстан*

Мақалада Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қорғау мен жұмыс бастылықты қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған.

In this article it is considered employment and social protection the population in the republic of Kazakhstan.

Кілт сөздер: жұмыс бастылық, мемлекеттік қаржы, тиімділік, жетілдіру, нарық, дағдарыс, мемлекеттік реттеу, әлеуметтік қолдау.

Key words: financial system, public Finance, efficiency, improvement, market, crisis, government regulation, support.

«Сегодня весь мир сталкивается с новыми вызовами и угрозами. Мировая экономика так и не оправилась от последствий глобального финансово-экономического кризиса. Восстановление идёт очень медленными и неуверенными темпами, а где-то ещё продолжается спад. Геополитический кризис и санкционная политика ведущих держав создает дополнительное препятствие для восстановления мировой экономики», - отмечается в Послании Главы государства народу страны от 11 ноября 2014 года «Нұрлы жол - путь в будущее» [1]. В этих условиях государственное управление системой обеспечения занятости и социальной защиты населения приобретает особую актуальность.

Важность данной проблемы отмечается и в Послании Президента страны Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 17 января 2014 г. «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее»: «Стратегия-2050, как путеводный маяк, позволяет нам решать вопросы ежедневной жизни людей, не теряя из виду нашей главной цели. Это означает, что мы ежегодно, а не через 30-50 лет, будем улучшать жизнь людей... Следует и дальше сокращать уровень бедности и сдерживать рост безработицы. При этом важно не допускать роста иждивенческих настроений. Для всех получателей госпособий и помощи

надо ввести правило об обязательном участии в программах занятости и социальной адаптации» [2].

Кроме того, в программной статье «Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда» сформулированы 20 приоритетов государственной социальной политики.

Социальная политика любого государства является наиболее важной частью его внутренней политики. В условиях перехода Казахстана к устойчивому развитию проблема совершенствования системы социального обеспечения населения становится особенно острой и актуальной.

В международной практике под социальной политикой понимают ее направления: социальное обеспечение, здравоохранение, образование, жилье и занятость. Социальное обеспечение (social welfare) трактуется как система мер для защиты индивида и семьи от тех рисков, которых невозможно избежать, в том числе от серьезного сокращения дохода, необходимого для поддержания приемлемого стандарта жизни. К социальной политике относят такие индикативные показатели, как: жизненный уровень; благосостояние; доходы населения; сфера труда и трудовых отношений; проблемы занятости населения; социальная защита малообеспеченных и нетрудоспособных групп населения; экологическая политика; отдельные направления развития социальной сферы (образования, здравоохранения, науки, культуры, физической культуры и спорта); современная инфраструктура, включая жилье, транспорт, дороги, связь, торговое и бытовое обслуживание; миграционная политика, а также политика в отношении отдельных субъектов-адресатов - семьи, молодежи, инвалидов, пожилых и других категорий населения.

Конституция Республики Казахстан провозглашает основные направления государственного управления и государственной политики Казахстана, в том числе и в области социального обеспечения населения. В частности ст.28 Конституции Республики Казахстан гласит: Гражданину Республики Казахстан гарантируется минимальный размер заработной платы и пенсии, социальное обеспечение по возрасту, в случае болезни, инвалидности, потери кормильца и по иным законным обоснованиям. Поощряется добровольное и социальное страхование, создание дополнительных форм социального обеспечения и благотворительность. Таким образом, Конституция гарантирует социальную защиту граждан Республики Казахстан [3].

Основной задачей социальной политики является достижение определенного консенсуса интересов между различными группами общества. Особенно это актуально в социально-разнородном обществе, где имеется поляризация населения по уровню доходов и существует реальное неравенство в доступе к различным благам и должной структуре потребления. Социальная политика выступает своеобразным «мостом» между экономикой и политической системой общества и предстает своеобразным индикатором стабильности общества [4;33].

Право на социальное обеспечение граждан осуществляется на практике с помощью определенного организованного финансового механизма, который включает в себя комплекс взаимосвязанных организационных, экономических, законодательных и других мер.

Функции социального обеспечения в Республике Казахстан выполняют различные государственные органы, министерства, ведомства, службы и учреждения социальной защиты и негосударственные учреждения, которые образуют организационную структуру социального обеспечения. Экономическую основу социального обеспечения составляют государственный бюджет и государственное социальное страхование, которые различаются между собой по источникам финансирования. Выплаты по социальному страхованию производятся из страховых фондов, образуемых за счет отчислений на социальное страхование. Они взимаются как с предприятий-работодателей, так и с

трудящихся. Государственное финансирование осуществляется за счет ассигнований из Республиканского и местных бюджетов.

Одной из важных социальных функций государства выступает обеспечение граждан пенсиями и пособиями. И данный вопрос на современном этапе приобретает особое значение в части совершенствования финансового механизма социального обеспечения во взаимосвязи с развитием инфляционных процессов, имеющих место в стране.

Практика финансовых отношений в стране показывает, что необходимы специальные законодательные и организационные меры по совершенствованию финансового механизма социального обеспечения.

Важнейшим направлением социальной политики является политика занятости, так как высокий уровень занятости обеспечивает и соответствующие доходы основной части населения. Под уровнем занятости понимается процент численности рабочей силы, имеющей работу на данный момент.

Государство в своей политике стремится к достижению полной занятости. Причем в данном контексте под этим понятием подразумевается не использование экономикой всех имеющихся ресурсов для производства товаров и услуг, а такой уровень занятости, когда существует лишь фрикционная и структурная безработица, но отсутствует циклическая (и когда реальный ЧНП равен потенциальному ЧНП). Фрикционная безработица - безработица, связанная с добровольной сменой рабочими места работы и периодами временного увольнения; временная незанятость в периоды перехода рабочих с одной работы на другую. Структурная безработица - безработица, возникающая в результате несоответствия квалификационной структуры рабочей силы потребностям производства. Структурная и фрикционная безработица образуют естественную норму безработицы.

Циклическая безработица - безработица, порождаемая недостаточным объемом совокупных расходов, спадом экономического производства. Кроме того, выделяют также застойную, скрытую, технологическую безработицу. Безработица - одна из основных проблем рыночной экономики, решать которую должно государство.

Социальная защита - поддержка малообеспеченных слоев населения и тех, кто не включен в общественное производство, а также защита лиц, работающих по найму через государственную регламентацию режима труда и его оплаты, прав работников. Эта сторона социальной защиты определяется уровнем экономического развития страны, соотношением политических сил и уровнем общественного самосознания. Система социальной защиты включает обязательные виды социального страхования, его добровольные виды; государственную систему социальной помощи и программы социальной помощи предприятий.

Государственная система социальной помощи реализуется через механизм государственных программ социального обеспечения, государственные программы помощи и систему социальных услуг.

Важнейшей частью государственной программы социального обеспечения и основным механизмом социальной защиты работников в условиях рыночной экономики является социальное страхование. Оно распространяется на лиц, имевших в течение какого-то времени постоянную работу и потерявших ее в связи с болезнью, безработицей, пенсионным возрастом [5; 56-78].

Приоритетное направление социальной политики в Казахстане - решение проблемы стабилизации финансирования социальной сферы, в том числе за счет средств населения. Именно здесь наибольшие сложности, поскольку сбор налогов для пополнения бюджета представляет собой в настоящий период трудноразрешимую задачу. Но дело даже и не в нехватке средств, а в том, что социально-экономические механизмы и технологии сбора, аккумуляции и перераспределения средств далеки от оптимальных.

Таким образом, социальная политика - весьма тонкий инструмент государственного регулирования, требующий очень осторожного и гибкого применения. Что же касается неравенства доходов, то получается, что оно не только неизбежно, но даже необходимо.

В ежегодных Посланиях Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева вопросы социальной политики занимают центральное место и по существу становятся целеполагающими для перспективной и текущей социальной политики правительства. В целом, социальный блок Послания направлен на сохранение социальной стабильности в стране и создание условий для повышения уровня жизни казахстанского народа.

Литература

1. «Нұрлы жол - путь в будущее». Послание Главы государства народу страны от 11 ноября 2014 года//«Казахстанская правда», 12 ноября 2014г.
2. «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» Послание Президента страны Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 17 января 2014 г. // «Казахстанская правда», 18 января 2014г.
3. Конституция Республики Казахстан. 30 августа 1995 год
4. Волгина Н.А. Социальная политика: Учебник / Москва. 2002.
5. Якушев Л.П. Социальная защита: Учебное пособие. Москва. 1998.

УДК 330.1

Тенденция возрастных пределов несовершеннолетних в современном мире

Р.Ш. Жумагазиева, А.М. Ильясов

*Казахско-Русский Международный университет
город Актобе, Казахстан*

Бұл мақалада автор кәмелет жасқа толмағандар арасындағы қылмысты алдын-алудың кейбір жетілдіру жолдарын қарастыра отырып жаңа көзқарас орнатуды көздеген және қолданыстағы заңнамаларға өзгерістер еңгізуді ұсынып отыр.

In this article, the author examines some of the ways to improve prevention measures and crime prevention and juvenile age limits foreign countries, offering new approaches to resolving this problem, as well as make suggestions for improving the current legislation.

Кілт сөздер: *деформация, жасөспірім, алдын алу, қылмыс, суицид.*

Key words: *strain, minor, prevention, crime, suicide.*

Практически все исследователи в области уголовного права сходятся во мнении, что нормы уголовного законодательства, касающиеся уголовной ответственности и наказания несовершеннолетних, далеко не идеальны. В них встречаются противоречия, неточности; часть уголовно-правовых отношений с участием несовершеннолетних в качестве субъектов вообще законодательно не урегулирована; некоторые положения УК РК, мягко говоря, слегка не отвечают современным условиям жизни общества и государства. На некоторых таких наиболее явных пробелах и противоречиях в уголовном законодательстве, касающемся несовершеннолетних, а также тенденциях развития уголовно-правовых норм остановимся подробнее. Как уже было сказано, в соответствии с УК РК уголовная ответственность наступает с шестнадцати лет, а в некоторых случаях с четырнадцати лет. Однако такие возрастные рамки не являются общепризнанными в глобальном масштабе. В законодательствах иностранных государств возраст, с которого наступает уголовная ответственность, неодинаков. Здесь сказывается разное понимание соотношения между принципом гуманизма и необходимостью наказывать за совершенное преступление лиц, которые понимают противоправность и вредность своих действий. В некоторых скандинавских странах, например в Швеции и Норвегии,

определен единый возраст уголовной ответственности – 15 лет. Уголовный кодекс Нидерландов содержит специальный раздел (VIIIА), регулирующий ответственность несовершеннолетних. Тридцать пять пунктов с буквенными обозначениями статьи 77 данного раздела формулируют положения об уголовной ответственности лиц от 12 до 18 лет. Таким образом, законодательство Нидерландов устанавливает уголовную ответственность с 12 лет. Встречается и еще более низкий возраст уголовной ответственности. Так, за совершение общественно опасного деяния привлекают к уголовной ответственности с 8 лет – в Шотландии, с 10 лет – в Англии, Уэльсе, Северной Ирландии и в большинстве штатов Австралии. [1]

Надо сказать, что в нашей стране вопрос возраста уголовной ответственности стал решаться законодательным путем начиная со второй половины XVIII в. (ни Русская Правда, ни законы Петра I не упоминали о минимальном возрасте уголовной ответственности). Данный возраст постоянно менялся. Если обратиться к истории советского государства, то этот возраст был: в 1918 г. – 17 лет, в 1920 г. – 14 лет, в 1929 г. – 16 лет, в 1935 г. – 12 лет, в 1941 г. – 14 лет. Как мы видим, самый низкий возраст уголовной ответственности был введен в 1935 году, когда был принят Закон «О мерах борьбы с преступностью несовершеннолетних». В соответствии с этим законом с 12 лет к ответственности с применением всех мер уголовного наказания стали привлекать за кражу, насилие, телесные повреждения, увечья, убийство либо попытку убийства. В юридической литературе в последнее время неоднократно высказывались идеи о необходимости снижения возраста уголовной ответственности в современных условиях. Ни для кого не секрет, что сегодня преступность заметно «помолодела». Совершение убийств, разбойных нападений и целого ряда насильственных преступлений лицами, не достигшими 14 лет, аналогичным образом не соотносится с уголовно-правовыми нормами. Между тем статистика свидетельствует, что каждый второй-третий несовершеннолетний преступник в возрасте 14-17 лет уже имел опыт совершения преступных действий в малолетнем возрасте. В проблемных, неблагополучных семьях дети начинают совершать преступления с 5-8-летнего возраста. Малолетние преступники, будучи убежденными в своей безнаказанности, нередко совершают тяжкие и особо тяжкие преступления. Об этом свидетельствуют факты разбойных нападений на сверстников и более старших по возрасту лиц с целью завладения денежными средствами, сотовыми телефонами, дорогостоящей одеждой, нанесение тяжких телесных повреждений без адекватной мотивации своих действий. [2] Нередко мотивация преступных действий лиц, совершающих насильственные преступления, основана на результатах воздействия на их сознание компьютерных и интернет игр насильственного характера, окончательная цель которых заключается в уничтожении игровых противников. Г.З. Адигамова и Ш.Р. Ямаев приводят такой пример, имевший место в Алматы в июле 2007 года: «В Алматы были задержаны трое молодых людей, которые, по данным следствия, за один месяц убили 19 человек. Практически каждый день в Алматы и Алматинской области находили трупы подростков и пожилых людей. Тела жертв были зверски изуродованы. По мнению психолога в области детской, социальной и судебной психиатрии О. Омарбекова, убийцы явно были компьютерными игроками, в какой-то момент решившими сравнить легкость убийства в мире виртуальном и мире реальном. А чтобы все проходило так же гладко, как и в компьютере, мишенями становились те, кто не мог за себя постоять». [3] Многие исследователи проблем преступности несовершеннолетних обращают внимание на то обстоятельство, что для них характерны насилие и жестокость; при совершении насильственных преступлений они переходят тот предел насилия и жестокости, который в конкретной ситуации был вполне достаточен для достижения цели преступления. Отмечается, что одна из причин роста преступности малолетних связана с психофизиологическим аспектом. Современное физиологическое развитие несовершеннолетних свидетельствует об установившейся тенденции раннего полового созревания подростков. Еще несколько десятков лет назад начало переходного

психофизиологического периода взросления подростков связывали с 13-14 годами. Нынешние темпы развития цивилизации привели к тому, что начальный возраст пубертатного периода плавно снижается до 9-12 лет. [4]

С этого времени в организме многих подростков начинаются естественные гормональные изменения, которые влияют на физиологические признаки формирования организма, но в большей степени на психологическое состояние личности. Именно гормональный катализатор приводит к неадекватному поведению ребенка, к вспыльчивости, агрессивности, социальной неудовлетворенности, обостряет многие негативные психологические качества личности. Родители рано взрослеющих детей не в силах справиться с такими проблемами. По этой причине увеличивается количество конфликтных семейных ситуаций физического воспитательного воздействия на подростков, к которому родители нередко прибегают от безысходности. Эти и другие неблагоприятные факторы впоследствии приводят к побегам детей из дома, бродяжничеству, раннему приобщению к алкоголю и наркотическим средствам. По некоторым социологическим исследованиям, ежегодно в Казахстане более 20 тысяч детей уходят из семьи, специализированных детских воспитательных учреждений, не найдя компромиссной формы общения с родителями, воспитателями, сверстниками. 20 тысяч детей – это потенциальные подозреваемые, обвиняемые, если государство не вмешается в процесс негативного социального явления. [5]

Количество суицидов среди детей в Казахстане растет. Казахстан оказался на первом месте в СНГ по количеству детских самоубийств. От суицидов во всем мире погибает значительно больше людей, чем от войн. Всемирная организация здравоохранения предсказывает, что к 2020 году количество самоубийств может увеличиться на 50 процентов и составит 1,5 миллиона человек, а число попыток уйти из жизни станет больше в 10-20 раз, чем сейчас. «Критическим уровнем» по шкале ВОЗ считается 20 случаев на 100 тысяч населения в год, в Казахстане, по данным последних исследований, эта цифра уже равна 26,9 на 100 тысяч человек.

Когда родители теряют ребенка из-за болезни или несчастного случая – это огромное горе для них. Но когда ребенок сам прерывает свою жизнь, это большая и непоправимая трагедия. Но что же толкает ребенка сделать шаг в пропасть? Специалисты-психологи утверждают: многие из тех, кто покушается на самоубийство, вовсе не хотят умирать. Суицид – это способ докричаться, рассказать о своей беде, отчаяние. Ситуация критическая: годовые показатели выдвигают нашу страну в лидеры среди стран бывшего Союза по количеству детских суицидов.

На сегодняшний день Казахстан занимает первое место по количеству суицидов девочек и девушек 15-19 лет среди стран СНГ. Первое место среди причин суицидов занимает доведение до самоубийства (эмоциональное, физическое, сексуальное насилие), второе – непонимание и невнимание родителей, третье – черная полоса в жизни, с которой девушка не может справиться. Кроме того, среди причин суицидов среди девочек-подростков также отмечается сексуальное насилие, неурядицы в личной жизни, недопонимание среди сверстников, жестокое обращение, отсутствие перспектив в получении профессионального образования ввиду его дороговизны, финансовые проблемы в семье, проблемы со здоровьем и дискриминация по гендерному признаку.

До наступления криминальной деформации личности ребенка необходимо принимать активные меры для поиска и возвращения этих детей в семью. Если семейная ситуация неблагоприятная, то при органах и учреждениях системы профилактики безнадзорности и правонарушений несовершеннолетних необходимо создать кризисные приюты, в которых дети будут находиться до того момента, когда возвращение в семью будет разрешено должностными лицами этих органов психологами. Анализ криминальной ситуации обосновывает необходимость правовой регламентации основных возрастных дефиниций в уголовном судопроизводстве. Многие авторы предлагают возрастное разграничение

малолетних участников уголовного судопроизводства. По мнению О.Х. Галимова можно составить классификацию из двух групп:

3. несовершеннолетние – лица, которым к моменту уголовно-процессуального производства не исполнилось 18 лет;
4. малолетние – несовершеннолетние лица до 14 лет.

М.М. Коченов и Н.Р. Осипова с точки зрения психологии среди несовершеннолетних выделяют группу малолетних, не достигших 14-летнего возраста, среди них предлагают классификации на детей дошкольного возраста (от 3 до 7 лет), младшего школьного возраста (от 7 до 10-11 лет), среднего школьного возраста (от 11 до 16 лет) .

Г.З. Адигамова и Ш.Р. Ямаев утверждают, что «уголовная дееспособность (уголовное совершеннолетие) имеет иные временные рамки по сравнению с гражданским производством. С момента надления лица правовым статусом в уголовном судопроизводстве в качестве подозреваемого, обвиняемого, подсудимого, осужденного, оправданного, он имеет возможность пользоваться предусмотренными Уголовно-процессуальным кодексом Республики Казахстан правами и выполнять возложенные на него обязанности. По обвинительному приговору суда на виновное в совершении преступления лицо возлагается обязанность исполнения наказания, предусмотренного нормами УК РК за данное преступление. Лица, совершившие преступление в возрасте от 16 до 18 лет, в уголовно-правовом смысле являются совершеннолетними, поэтому возможно их выделение в отдельную возрастную группу. Лиц, не достигших 14-летнего возраста, целесообразно классифицировать как малолетних участников уголовного судопроизводства. Минимальный возраст привлечения к уголовной ответственности за тяжкие и особо тяжкие преступления может быть снижен до 12 лет».

На основании всего вышеизложенного представляется целесообразным выделить следующую классификацию несовершеннолетних участников уголовного судопроизводства со стороны защиты, которая могла бы иметь место в случае снижения возраста уголовной ответственности до 12 лет:

- 1) малолетние – лица в возрасте от 12 до 14 лет, подозреваемые и обвиняемые в совершении преступлений, предусмотренных ч. 2 ст. 15 УК РК;
- 2) несовершеннолетние – в возрасте от 14 до 16 лет (в отношении которых перечень уголовно наказуемых деяний может быть расширен);
- 3) совершеннолетние в уголовно-правовом смысле – лица, достигшие 16-летнего возраста.

Безусловно, вопрос снижения возраста уголовной ответственности является дискуссионным. Все, по большому счету, зависит от того, какие цели в первую очередь ставит перед собой государство, проводя ювенальную политику, хочет ли оно карать или воспитывать. Существенно помогло бы в решении этого вопроса проведение комплексных исследований с участием психологов, психиатров, педиатров, социологов, сотрудников подразделений МВД РК состояния преступности среди несовершеннолетних, осуществление социологического мониторинга по вопросу снижения возраста привлечения к уголовной ответственности, что позволит на законодательном уровне принять эффективные меры профилактики и пресечения преступности малолетних. Несмотря на активную полемику в прессе и юридических изданиях по вопросу изменения возраста уголовной ответственности представляется все же, что в ближайшее время законодатель на данный шаг не пойдет и указанный возраст снижен не будет. [6]

Литература

1. Конституция Республики Казахстан от 1995 года.
2. Шульга А.Е., Сарана В.А. Преступность несовершеннолетних как угроза общественной безопасности // История государства и права. 2006. № 9. С. 63.
3. Невский В.В. Борьба с преступностью. Анализ законодательства // Гражданин и право. 2000. № 2. С. 40.
4. Российское уголовное право. Курс лекций. Т. 1 / Под ред. А.И. Коробеева, 1999. С. 450.
5. Санталов А.И. Теоретические вопросы уголовной ответственности. Л., 1982. С. 18.
6. Курс уголовного права. Общая часть. Т. 1 / Под ред. Н.Ф. Кузнецовой, И.М. Тяжковой. М., 1999. С. 196.

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ
ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ
PEDAGOGICS AND PSYCHOLOGY**

ӘОЖ371.38

**РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ
ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕЛУІ, МАҚСАТЫ, НЕГІЗГІ КАТЕГОРИЯЛАРЫ**

А.М. ТАГАНОВА, Ж.Б. ТҮРЖАНОВА

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

В статье рассматриваются основы духовно-нравственного воспитания учащихся колледжа. Раскрывается сущность, значение содержание понятий «воспитание», «ценность», «нравственность», «духовно-нравственное ценностное воспитание». Анализируются актуальные аспекты воспитания этих качеств. Рассмотрены проблемы духовно- национального ценностного воспитания.

The article describes the basics of spiritual moral education of college students. The essence, the importance of the content of concept of education , value , morality , spiritual moral values education. We analyze the relevant aspects of the education of these qualities. The article considered the problems of national spiritual values education.

Ключевые слова: *воспитание, ценность, нравственность, духовно-нравственное ценностное воспитание.*

Key words: *education, values, moral, spiritual and moral values education.*

Колледж білім алушыларының оқыту үрдерісінде рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеу-педагогикалық, психологиялық даярлығының нәтижелі жүзеге асуының басты негізі. Адам - ең әуелі рухани жан дүниесінің байлығымен, адамгершілігімен, парасатының биіктігімен көрікті.

Сондықтан да колледжде болашақ мұғалім тұлғасын дамытуға ерекше мән беріліп, ондағы оқу-тәрбие процесі рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеуге, білім берудің сапасын арттыруға бағытталады. Білім беруді азаматтық, жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтар негізінде жүзеге асыру, оның рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеу, тұлғасын қалыптастыру, біліктілік деңгейін көтеру көзделеді. Құндылықтар білім алушыларды кәсіби білім алуға ынталандырып, оқу үдерісін тиімді пайдалануға, рухани-адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге қолайлы жағдай жасайды. Оқыту үдерісінде құндылықтарды қолданудың негізгі педагогикалық-психологиялық мәселелерімен айналысқан ғалымдар: Г.Қ.Джонисова «бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру», Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова «рухани-адамгершілік этнопсихологиялық этнопедагогикалық, С.Қ.Мұхамбетова «әлеуметтік құндылық бағдар беру», педагогика пәнін оқытуда құндылықтарды қолданудың іс-тәжірибесі Ә.М.Мұханбетжанованың зерттеулерінде қарастырылады. Колледждегі педагогика пәндерінің мазмұны, әдістері, құралдары, оқыту түрлері, құрылымы, ұйымдастыру қызметі, оның нәтижесін рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеуге бағыттау, көп ізденуді қажет етеді. 1;2;3;4;5;] Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың маңызы: Ұлы Абай, Ш.Құдайбердиев т.б.еңбектерінде көрініс тапты. [6;7] Рухани-адамгершілік құндылық мәселелерін дүние жүзінің көптеген ғалымдары зерттеп, өз

тұжырымдамаларын жасаған, ол туралы Ә.Нысанбаев, Т.Әбжанов «Қысқаша философия тарихы» еңбегінде: «Құндылық туралы пікірлер, теориялар ежелгі философтар: Аристотель, Гераклит, Демокрит, Платон, Сократ еңбектерінде пайда болды», - деген пікір айтады [8].

«Құндылық» термині болмыстың белгілі құбылыстарының адами, әлеуметтік және мәдени мән-мағынасын білдіру үшін қолданылады.

Ғалымдар құндылық ұғымын жан-жақты зерттеп, оның мәні мен табиғатына, түрлі қырлары мен астарына, тәлім- тәрбиелік жақтарына жан - жақты көңіл бөлінген. Философ Т.Қ.Ғабитов: «құндылықтар - қасиеттер», - деп, бұл қасиеттерді ана тілін, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесі ретінде бағаласа, психологтар құндылықтарды тұлға аралық қатынас тұрғысынан қарастырады. [9]

Педагогикалық сөздікте: «құндылық- адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарым-қатынасы, іс-әрекеті кезіндегі көрсетілетін тұрақтылығы, қайырымдылығы, мейірімділік тәрбиесі», - делінген [10].

Сондықтан біз «құндылық» ұғымын адамды тәрбиелеу үшін оның өмір сүруіне ең керекті, маңызды, қажетті, бағалы дүниелердің жиынтығын құрайтын педагогикалық категория ретінде қарастырамыз.

Құндылық объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық - аксиологиялық ұғым. Философия тарихында құндылық көрінісінің заңдылықтары туралы жалпы түсінік ежелгі ғасырда пайда болды. Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әртүрлі көріністеріне жататын, табиғи, қоғамдық құбылыстарды, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын: сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік ұғымдары қолданылды.

С.Қ.Мұхамбетова «Тәрбие теориясы» оқулығында: «Тәрбие процесінің мазмұнына жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтар негіз болады. В.А.Караковскийдің пікірінше тәрбие әрекетінде фундаментальдық құндылықтарға сүйену, осы құндылықтарға оларды бағдарлау адамның бойында жоғары адамгершілік қасиеттер мен сапаны, мейірімділікті қалыптастыру көзделеді. Ол жалпы адамзаттық құндылықтардың арасынан сегізін: Адам, Жанұя, Еңбек, Мәдениет, Отан, Жер, Бейбітшілікті бөліп көрсетеді және тәрбие процесіндегі олардың мәні мен мазмұнын және ұйымдастыру жолдарын атап өтеді», - деген пікір айтады [10].

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңында: “Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау”, - деп көрсетілген [11].

Еліміздегі барлық әлеуметтік-экономикалық өмірдің түбірімен өзгеруі білім саласында да өзгерістер туғызды, осы өзгерістер «Білім туралы Заңда» колледж оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға негіз болатын төмендегідей міндеттерді белгіледі.

Қазақстандағы білім беру жүйесінің негізгі міндеттері:

- ✚ ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім мен тәрбиелеу;
- ✚ жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту

Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңында» белгіленген міндеттерді шешу тәрбие процесінің мәніне, осы ұғымның мазмұнына, қызметіне назар аударуды қажет етеді.

Тәрбие қоғамның тарихи әлеуметтік–экономикалық жағдайларынан туатын объективті процесс.


Тәрбие - қоғамның негізгі қызметтерінің бірі. Тәрбие - жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру процесі, аға ұрпақтың тәжірибесін кейінгі буынға меңгертіп, олардың сана-сезімін, жағымды мінез-құлқын дамыту қызметін атқарады. Өйткені адам жүйелі түрде күрделі қатынастарға араласып, қоғамдағы қалыптасқан идеяны, көзқарастарды, рухани-адамгершілік құндылықтарды, сенімдерді, әлеуметтік ортада қалыптасқан адамдардың өмір сүру тәртібін, ережелерін, әдеп-этика нормаларын меңгереді.

Адамгершілік тәрбиесінің міндеттері: гуманизм, адамгершілік, адалдық, батылдық, қайырымдылық, өз Отанын сүю т.б.

Рухани - адамгершілік тәрбиесінің мақсаты - өз іс-әрекетіне жауапкершілікті, адал, намысты, рухы таза, парасатты адамды тәрбиелеу.

Адамгершілік адамның тұлғалық дербестігіне негізделіп, жанның өзіндік заңы күйінде танылады. Адамгершілік қалаған уақытта, қалаған нақты жолмен орындалатын жәй мақсат емес. Рухани - адамгершілік адами іс-әрекеттің өзіндік негізінде жатқан мақсаттардың мақсаты.

Адамгершілік тәрбиесі негізінде қалыптасушы сапа-қасиеттер түрі келесідей: шыдамдылық, жомарттық, әдептілік, ізгіліктілік; адамдар арасындағы өзара сыйластық, жолдастық, үлкенге сый, кішіге қамқорлық, отбасылық үйлесімді қатынас; өзінің-өзі тәртібін қадағалау, басқару, реттеу қабілеттері. Әр адам қоғамдық талапқа сай әдет-әдеп, мінез-құлықтарды өз бойында дамыту арқылы рухани-адамгершілік қасиетін қалыптастырады.



Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мазмұны:

- ✚ гуманизм идеялары мен олардың жалпы адамзаттық сипатын түсінуге, бағалауға дағдыландыруды көздейді;
- ✚ адамгершілік тәрбиесі жастардың қоғамға, отбасына, еңбекке, білімге, Отанға, жер бетіндегі бейбітшілікке қатынасын қалыптастырады;
- ✚ Осы заманғы рухани-адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға емес, ұлттық, жалпы адамзаттық, азаматтық, рухани құндылықтарға негізделеді.

Жоғарыда аталған құндылықтар арқылы оқушыларды тәрбиелеу үшін оларды тәрбие жұмысының мазмұны мен процесіне айналдыруда біз, жалпыадамзаттық құндылықтарға баулудың төмендегідей жолдарын ұсынуға болады деп есептейміз:

- ✚ бірінші жолы – колледжде рухани-адамгершілік құндылықтар негізін сипаттайтындай тәрбие бағдарламасын жасау; моральдық-этикалық – эмоциональдық ізгілікті, адамгершілікті мінез-құлықтарына толы жағдайларды бастан кешіру және сезіну тәжірибесін қалыптастыру; оқушылармен бірге қайырымдылық актілерін ұйымдастыру, жақын және алыс адамдарға қамқорлық жасау, шыдамдылық көрсету, басқа адамдарды сыйлау, ар-ұят сезімі, өзінің артықшылығын сезіну т.б;
- ✚ екінші жолы – жеке мақсатты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мазмұндағы арнаулы курс бағдарламаларын жасау, мысалы «Қазақстанның рухани тарихы» - “Қазақ хандығының 550 жылдығына байланысты”, “Менің туған өлкем,” “Ұлы Отаным”, “Жеке тұлғаның ақыл-ой мәдениеті”, “Отбасы– адамның адамгершілік құндылықтарының негізі”, “Қазақстанның жас азаматтары” және т.б;
- ✚ үшінші жолы – оқушылармен бірге ерекше қоғамдық келісім – шарт дайындау. Мұнда колледж ұжымында азаматтық, педагогикалық, ұлттық, жалпыадамзаттық, рухани-адамгершілік құндылықтар негіз болып табылатын сөйлесу, диалогтық қатынас құру және қарым – қатынас жасау нормалары, әдеп, әдептілік туралы сөз болуы мүмкін.

Кайкауc "Кабуснаманың" жиырма жетінші тарауында, "Перзентті тәрбиелеу туралы" бөлімінде: "... атаның бірінші қарызы перзентіне жақсы ат қою, екіншісі, ақылды, мейірімді тәрбиешіге тапсыру және әдеп-өнер үйрету...", -дей келіп: "... жоғары дәрежедегі адамдардың перзентіне әдеп, тәрбиеден жақсы мирас жоқ", - деп пікірін әрі қарай қорытындылайды. Данышпан өз өмірінен мысал келтіре отырып, он жасымда ұстаздарымнан атқа міну, ат үстінде жаттығу, найзаласу, бұғалық тастау, доп ойнау, әскери өнерлерін үйрендім, атамның ақылымен суда жүзу өнерін де меңгердім, кейін кеме суға батқанда судан жүзіп шығып аман қалдым. Қиыншылық жағдайда үйренген ілімің мен өнерің өмір сүруге, күн көруге көмектеседі, перзентіңе ілім, өнер үйретуде кемшілікке жол берме",- деп кеңес айтады. Кайкауcтың педагогикалық ой-пікірі -теориялық негізді баяндалған, өнердің тәлім-тәрбиелік мәні ашылған, жоғары әдістемелік нұсқау берілген, құнды туынды рухани-адамгершілік тәрбие берудің көзі.

Педагогиканы оқытуда рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеу маңызды процеске айналуы тиіс. Білім берудегі басты талап - оқытудың ізгілікті-гуманистік бағыттылығын, адамды жеке тұлға ретінде, *іс – әрекет, қарым - қатынас* арқылы дамытып, оның әлеуметтік және педагогикалық даярлығын көтеру. Ал, қазіргі оқушының терең білімділігі, біліктілігі оның құндылықтарына негізделеді.

Оқу – тәрбие үдерісінде маман дамытудың негізгі мазмұнын рухани-адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеуге негіздеу оқыту арқылы, оқушының өзіндік ізденісінің, құндылықтар деңгейінің өсуіне, әдіснамалық, педагогикалық, білімінің артуына жол ашады. Колледж оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру оқыту-оқу-тәрбиелеу жүйесінде жүзеге асады. Білім мазмұнындағы, тапсырмалардағы рухани-адамгершілік құндылықтар маңызын түсіруге, оқыту барысында, мәтінде көтерілген мәселеге оқиғаның жағдайына енуіне, білім мазмұнын меңгеруіне мүмкіндік береді. Колледж оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеуде өзіміз ұсынған негізгі бағыттарын қысқа түрде жинақтайық. Ол мынадай *принциптерге* негізделеді:

- ✚ Оқу-тәрбие үдерісінің мақсаттылығы принципі, ол болашақ мұғалім даярлауға дифференциалдық, индивидуалдық, интегративтік, интенсивтік тұрғыдан қарау негізінде жүзеге асады;

- ✚ теорияның практикамен өзара байланыстығы принципі, болашақ мұғалімнің кәсіби біліктілігі және рухани-адамгершілік құндылықтар негізін құрайтын білімін қалыптастыру арқылы жүреді;
- ✚ кәсіби даярлаудың біртұтастылығы, мамандығына сәйкес педагогикалық пәндер арқылы қамтамасыз етіледі.
- ✚ рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеудің педагогикалық пәндерді оқытумен сабақтастығы;
- ✚ рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеу мен білім берудің біртұтастығын, сабақтастығы қарастыру қажеттілігі;

Болашақ маманның кәсіби бейімделуі, колледждегі педагогикалық, сипаттағы шаралар жүйесін жүзеге асыру негізінде жетіледі. Жоғарыда айтылғандардың барлығына қорытынды жасай келе, рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеуді негіздейді: Сонымен, қарастырып отырған мәселеге қатысты зерттеулерді зерделей келе біз рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеуде *дегеніміз* – қазіргі білім беру жүйесіндегі аазаматтық, *жалпыадамзаттық, ұлттық, педагогикалық, рухани-адамгершілік құндылықтарды ашу қажеттілігі, тиімді пайдалану дағдысы дамыған, өз қызметіне сәйкес пайдалануға бағытталған іс-әрекет.*

Рухани-адамгершілік құндылықтарды оқу-тәрбие барысында қолдану оқытудың әдістері мен түрлерін, мазмұнын жасауға, білім берудің педагогикалық жүйесін заман талабына сай құруға мүмкіндік береді. Біз оқу-тәрбие үдерісінде рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеу жүйесіне қатысты әдебиеттерді зерделей келе, *тұжырымдаймыз:*

- ✚ болашақ мұғалім дамуына әсер ететін рухани-адамгершілік құндылықтарды пайдалану аясын кеңейту қажет;
- ✚ оқушының оқу-тәрбие ісін ұйымдастыруда құндылықтармен жүйелі іс-әрекет етуге бағыт-бағдар беру керек;
- ✚ оқушының ғылыми және интеллектуалдық қызметін ұйымдастыруда мұғалімнің рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеуге ықпалын ескеру қажет.

Сонымен, көптеген ғалымдардың теориялық еңбектеріне, зерттеулеріне және өз тәжірибемізге сүйене отырып, мынадай *қорытындыға* келіп отырмыз: мұғалім рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеу – *мазмұны да, қызметі де күрделі көп функционалды құрылым деп есептейміз.*

Әдебиеттер

- 1.Джонисова Г.Қ. Бастауыш мектептің оқу- тәрбие үдерісінде оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Атырау, 2010. - 28 б.
- 2.Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлім- тәрбиесі: /Оқу құралы/ - Алматы: Санат, 1995-302 б.
- 3.Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие.- Алматы: Білім, 1995.-227 б.
- 4.Қожахметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика.- Алматы: 1998 ж. РБ.К.- 130 б.
- 5.Мұхамбетова С.Қ. Тәрбие теориясы.- Астана: 2012 ж.-195 б.
- 6.Абай Құнанбаев. Қалың елім қазағым: Шығармалары.-Алматы: «Жалын», 1995.-385 б.
- 7.Құдайбердиев Ш. Шығармалары /Өлеңдер, дастандар, қара сөздер/.- Алматы: «Жазушы», 1988.-560 б.
- 8.Нысанбаев Ә, Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы.-Алматы:“Қазақ энциклопедиясы”, 1999.-271 бет.
- 9.Ғабитов Т.Қ. Философия. –Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999.- 312 б.
- 10.Қысқаша педагогикалық сөздік. -Алматы, 1999ж.- 45 б.
- 11.Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы, 2008 ж, 17 тамыз.

ЖОО – ДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНІҢ ЭТНИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С.Қ.МҰХАМБЕТОВА, А.Т.АЛИМАНОВА

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан

В статье рассматриваются этнические особенности воспитательной системы вуза. Раскрываются сущность, значение, содержание этнопедагогических идей казахского народа в воспитательном процессе.

The article deals with ethnic characteristics of the educational system of the university. The essence, the meaning, the content ethnopedagogical ideas of the Kazakh people in the educational process.

Ключевые слова: *воспитательная система вуза, этнопедагогика, казахский народ.*
Key words: *educational system of the university, pedagogy, the Kazakh people.*

Бүгінгі жаһандану үрдісінде еліміздің алдыңғы қатарлы 50 мемлекеттің қатарынан көрінуге және экономикалық еркін аймаққа мүше болуға ұмтылысы, білім беру жүйесінің Балон декларациясына сәйкес, әлемдік білім кеңістігіне кіруі біздің алдымызға маңызды міндеттер жүктейді. Еуропалық және Азиялық өркениеттің аралығында орналасқан Қазақстанның географиялық - саяси орны, ана тілімізбен, ұлттық мәдениетіміздің қазіргі жай-күйі, еліміздің көп мәдениеттілік, көп конфессиялық сипаты ұлт тәрбиесінің даналығына, философиялық ой тұжырымдарына сай ЖОО-дағы білім мен тәрбие жүйесін ұлттық сипатта құруды талап ету міндеттерінен туындайды. Олай болса, ЖОО-ғы тәрбие үрдісі - тек мемлекеттік тұрғыда ғана емес, ұлттық тұрғысынан зерттеуді қажет ететін бүгінгі күннің басты талаптарының бірі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында, озық тұсында болады. Елімізді дамытатын негізгі күш бүгінгі жаста», - деп атап көрсеткен болатын.[1,8] Осыған орай бүгінгі заман талабына сай тәрбие беру, оның мазмұны мен мақсатын, қағидалары мен міндеттерін қайта қарастырып, жаңарту қажеттігі күн сайын артуда. Болашақ маманның тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеу, дүниетанымын қалыптастыру оның білім алып өмір сүруіне қажетті де қолайлы жағдай туғызу, рухани байлығы мен мәдениеттілігін жетілдіру, іскерлігі мен білімділігін арттыру ЖОО-ның міндеті болып табылады.

Тәрбие - көп қырлы, алуан сипатты, өте күрделі, қоғамдық, әлеуметтік, ұлттық, халықтық, жалпыадамзаттық, сан салалы, көп жақты процесс. Өйткені, тәрбиенің нәтижелілігі тек қана тәрбие процесіне қатынасушылардың жан дүниесінің жақындығына, өзара түсіністікке, қабылдауға, сыйластыққа байланысты. ЖОО-ғы тәрбие жүйесінің ұлттық ерекшелігі – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесі негізінде білімгердің ізгі қасиеттерін дамыту, педагогикалық ортадағы қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталады. Ал тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, ар-ожданы мол, іскер, бойында игі қасиеттер қалыптасқан болашақ маман тәрбиелеу. Жалпы білімгер өмірінде жоғары мектептегі тәрбиенің рөлі ерекше, өйткені ол көп қырлы, көп салалы болумен қатар жүйелі жұмыс жүргізгенде ғана нәтижелі болады. Бұл тұрғыда педагогикалық пәндерді оқыту және ЖОО-дағы тәрбие жүйесін құру мынадай бағыттарда қолданылады: тілді дамыту, сөз өнері шешендікті - риториканы меңгеру, өнердің барлық салаларын өз қызығушылықтарына сәйкес игерту, ойын, әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас әдебін, педагогикалық еңбек құралдары, әдіс-тәсіл, әдістеме мен технологияларын пайдалану, спортпен шұғылдану негізінде ұлттық болмысын танытуына жағдай жасалады. Әсіресе ЖОО-да тәрбиелік жүйе құруда сөз бен

әлеуметтік ортаның маңызы айрықша. Сөз әрдайым көңіл құлпын ашатын кілт. Ол ЖОО-да студенттердің қоғамдық ой-пікірге, өз әрекетіне кейде сын көзбен қарап, талап қойып, болашаққа ұмтылуына көмектеседі.

ЖОО – дағы тәрбие жүйесінің этникалық ерекшеліктері:



Қазақтың қазақтығын танытатын ерте заманнан келе жатқан, ар-ұжданымызға ұялаған, қанымызға сіңген қастерлі қазақ салтын ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын мұра ретінде кейінгі ұрпаққа қалдыру – бәріміздің де борышымыз. Ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген ата-бабамыз асыл сөздің кестесімен сәби жүрегін тербеп, ой-санасын игі адамгершілікке жетелей білген.

Әлемдегі әр ұлттың көне замандардан келе жатқан өзіндік салт-дәстүрлері мен рухани-мәдени құндылықтары, ұлттық тәлім-тәрбие сипаты бар. ЖОО-ның тәрбие жүйесін көрнекті чуваш ғалымы Г.Н.Волковтың «Ұлт қанша ғұмыр кешсе, тәрбие онымен бірге дамиды» деген тұжырымын негізге алып құру. [2, 85]

Демек, ұлттық тәрбие туралы тәлімдік ой-тұжырымдар аталмыш жетекші идеялар мен тәжірибелерге сүйенері анық. Халық педагогикасындағы салт-дәстүрлердің қолданылу аясы туралы бірқатар ғалымдар еңбектерінде көрсетіледі. Салт-дәстүр сипатын ұлт тәрбиесінің негізі, инабаттылықтың бастауы ретінде қарастыратын ғалымдар еңбектерінде жан-жақты сараланған. Түркімен ғалымы К.Піралиев «ұлт тәрбиесінің негізгі өзегі инабаттылықтан бастау алу керек» екенін қадап айтады. [3, 215] Қазақстандық ғалым К.Оразбекова «инабаттылық иірімі жеке тұлға тәрбиесінің қайнар бастауы болуы керек» екеніне назар аударды. [4,54]

Профессор Н.М.Таланчук тәрбие жұмысының мақсаты мен міндетіне байланысты да қызық пікірлер білдіреді. Ол тәрбие процесінің мақсатты бағыттары дәстүрлі де, дәстүрден тыс жаңа көзқарастардан тұрады. Оның пікірінше, тәрбие мақсаты – табиғатпен үйлесімділікте дамыған, әлеуметтік рольдер жүйесін толық орындауға қабілетті жеке тұлға қалыптастыру.

Ұлттық тәрбиелік қасиетінің ұрпақ бойында қалыптасуы студенттің өзін қоршаған ортасындағы түрлі қарым-қатынастардың ықпалына байланысты. Себебі, әр халықтың өсіп келе жатқан ұрпағына ең алдымен қоятын үлкен талабы – оның шынайы адам болып қалыптасуы шын мағынасында адамгершілік қасиеттердің негізгі арнасы болуы керек. Қазіргі кезде ата-бабамыздың бойымызға сіңірген ұлттық тәрбиесіне өз деңгейінде көңіл бөлінбейді:

- бір жағынан, бүгінгі таңдағы ақпараттық технологиялардың даму ықпалының жастарға әсері;
- екінші жағынан, саяси ықпалдың жастар тәрбиесіне дұрыс ден қоя бермеуі ықпал етеді.
- ақпарат ғасырының дамуына негіз болатын азаматтық қоғам құру барысында, дамыған батыстық мемлекеттердің ықпалы да әсер етеді.

О.С.Газманның пікірінше, тәрбие мазмұнының негізін жеке тұлғаның қоғам мәдениетімен үйлесімді дамуға мүмкіндік беретін ең жақсы қасиеттерінен тұратын бірқатар тұтастық «базалық» мәдениет құрайды. Мұндай базалық мәдениеттің басым бағыттары болып мыналар есептеледі:

- өзін-өзі өмірлік анықтау мәдениеті;
- жанұялық қарым-қатынас мәдениеті;
- экономикалық мәдениет және еңбек мәдениеті;
- саяси, демократиялық және құқықтық мәдениет;
- ақыл-ой, адамгершілік және қарым-қатынас мәдениеті;
- экологиялық мәдениет;
- көркем әдебиет мәдениеті;
- дене мәдениеті.

Базалық мәдениеттің орталық бөлімі – жоғары мектеп студенттерінің өмірдің төрт саласынан өзін-өзі анықтау мәдениеті: адам, қоғам, табиғат, неосфера (адам іс-әрекетінің интегративті жемісі) салаларынан өзін табу мәдениеті.

«Адам» саласы адам өмірін, оның жеке даралығын, бұл процестің өзіндік ерекшелігін, оның іс-әрекетінің мәнін, адамды эволюция шыңы деп бағалау мен түсіну және одан өзін-өзі анықтаудан тұрады.

«Қоғам» саласында өзін-өзі анықтау Отан, халық билігі, демократия, жариялылық, құқықтық мәдениет, жанұя, еңбек, азаматтық, жауапкершілік тәрізді құндылықтарды меңгеру арқылы іске асады.

«Табиғат» ортасында өзін-өзі анықтау өзін табиғат бөлшегі деп түсіну және өзін табиғат сәйкестілігіне сай жетілдіру (денсаулық, эстетикалық бастау, рухани ұмтылыстар) арқылы қалыптасады. Ол, сонымен қатар, экологиялық мәдениетті игеруден, болашақ ұрпақ алдында табиғатты меңгеру және түрлендіру процесінде жауапкершілігі бар екенін түсінуден тұрады.

«Неосфера» (адам ақыл-ойының жемісі) өзін-өзі анықтау саласы ретінде ғылыми-практикалық прогресс табыстарын қолдануда адамгершілік жауапкершілігін арқалайтынын ұғыну адам техникамен дұрыс қарым-қатынас жасамауынан туатын зардаптар туралы түсінік қалыптастырады, студенттердің рухани мәдениет әлемін, оның әр түрлілігі арқылы меңгеруі немесе халықтың тарихи, рухани, адамгершілік құндылықтарына азаматтық қатынас қалыптастыру, мәдениет ескерткіштерін қайта орнына келтіру және қорғау, ұлттық салт-дәстүрлерді жаңғырту және оны әлемдік рухани-заттық мәдениет бөлшегі ретінде дамыту мәселелерін қарастырады.

Тәрбие процесі – бұл жеке тұлғаның дамуын қалыптастыру процесі, оның құрамына сырттан мақсатбағыттылы ықпал ету мен жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі кіреді.

Бүгінгі таңда көп тараған тұжырымдамаға сәйкес тәрбие процесі өзара бір-бірімен тығыз байланысты дамып отыратын тәрбиелік жағдайлар мен тәрбиелік істердің тізбегі ретінде қарастырылады, әрқайсысы алдыңғысының нәтижесі ескеріліп құрастырылатын жүйелі, көпқұрылымды қызмет, іс-әрекет, қарым-қатынас.

Бұлай қарастырғанда, тәрбие процесі өздігінен дамитын – жүйе, оның бірлігі – дамып отыратын тәрбиелік жағдай, жағдаят (ситуация), (тәрбиелік іс).

Р.Башарұлы: “Кез келген жүйенің өзіндік бет-бейнесін анықтайтын үш түрлі қырына көңіл аударады:

- біріншіден, қарастырып отырған жүйе өзінен үлкен қандай метажүйеге кіреді, оның ол жүйедегі орны мен қызметі қандай? , -деген сұраққа жауап іздейді;
- екіншіден, қарастырып отырған жүйенің ішкі жүйе құраушы бөліктері сараланады;
- үшіншіден, әр жүйе құраушы бөліктердің ара қатынастары мен байланыстары талданып, олардың біртұтас жүйе қасиеті анықталады”, - дей келе білім беру мен тәрбие саласындағы жүйелік байланыстарын ашып көрсетеді. Ал біз, тек қана жеке тәрбие процесіне байланысты жүйелік қатынасқа талдау жасап көрейік.

Тәрбие процесінде тек қана тәрбиеленуші, тәрбиелік іс-әрекет, тәрбие қызметі, тәрбиешінің өзі, тәрбиеленушімен оның өзара ықпалы, іс-әрекеті дамып қана қоймайды, біртұтас объекті дамиды, ал ол жүйе болғандықтан компоненттердің жиынтығынан гөрі үлкенірек, ауқымдырақ болады.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы., 30 қараша, 2014 ж.
2. Газман О.С. Потери и обретения. Воспитание в школе после десяти лет перестройки // Первое сентября. 1995, 21 ноября.
3. Газман О.С. Педагогика свободы? Педагогика необходимости?//Учительская газета.- 1997, 13 мая.
